Қорытындалай келе, пәтер, тұрғын үй алуға адам саны өскен сайын жаңа тұрғызылып жатқан пәтерлердің саны мен бағасы өсіп жатыр. Қазақстанда 2023 жылдан не күтуге болады? Тұрғын үй құрылысының көлемі 20-40% - ға төмендеуі мүмкін, қаржылық тұрақсыз құрылыс салушылар нарықтан кетеді, ал бастапқы және қайталама нарықтағы бағалар өсе береді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Утегалиева Н.Х., Мусаева Б.М. Жылжымайтын мүлікті бағалау [Текст] / Оқу құралы. Орал: Жәңгір хан атын. БҚАТУ 2020. - 93 с. [Электрондық ресурс]. -URL: <http://rmebrk.kz/book/1176318>

2 Li, BL. Research on the Externality of the Real Estate Market in Social Security Sector. In: Jin, D., Lin, S. (eds) Advances in Multimedia, Software Engineering and Computing [Text]/ Advances in Intelligent and Soft Computing. Springer, Berlin, Heidelberg. -2011. -vol. 129. [https://doi.org/10.1007/978-3-642-25986-9\\_36](https://doi.org/10.1007/978-3-642-25986-9_36)

**ӘОЖ 519.876.5**

### ҚАЗАҚСТАНДА 3D МОДЕЛЬДЕУДІҢ КАДАСТРДАҒЫ МАҢЫЗЫ

*Әлиякбар С.А., 2 курс студенті*


*Капетова.А.С., магистр ғылымы, аға оқытушы*

*С.Сейфулин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті*

*Астана қ.*

Қазіргі кезде бүкіл әлемде техника қарқынды түрде дамуда соған байланысты қоғам қажеттіліктері де артуда. Ақпараттық-телекоммуникациялық функцияны ғана емес, сонымен қатар құрылыс, медицина, оқу, мәдениет, өнер және басқа да салаларды цифрландыру арқылы технологияның функционалды даму процесі жылдамдығынан қалыспай қоғам талаптарын орындауға мүмкіндік береді. Біз өмір сүретін орта – табиғат пен адам қолынан жасалған көптеген объектілерден тұратын механизм. Дамыған елдер қатарына кіру үшін инфрақұрылымды жақсарту маңызды. Қазірде ірі өнеркәсіптер ғана емес қарапайым тұрғын үйлер де күрделі конфигурация. Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік тізіміндегі мәліметтер әрбір нысанның кеңістіктегі орнын толық сипаттау үшін жеткіліксіз. Адамзат жер бетінде өмір сүру уақытында салынып келе жатқан құрылыстардың стандартқа сай емес болуы, бір объектінің екіншісіне қабаттасуы, ресурстардың сарқылуына әкелуі мүмкін және нысандарды кеңістіктік есепке алуды баяулатады. Дамып келе жатқан бизнес, ғылым, қаладағы тығыз орналасқан құрылыстар, әлеуметтік инфрақұрылым көп деңгейлі сәулет құрылысының пайда болуына әкелді. Яғни, бұл кезде жер қатынастарын реттеу, жылжымайтын мүлікке құқықтарды есепке алу және тіркеу мәселесі туындайды. Ірі қалалар мен орталықтарда жерді және жер ре-

сурстарын қарқынды пайдалану жылжымайтын мүлік объектілері туралы ақпараттың сапасы мен санына қойылатын талаптардың артуы, жоспарлы картографиялық материалда жылжымайтын мүлік объектілері бейнесінің анықтығы және кадастрлық жүйеде тиісті тіркеуге алынуы, мұның бәрі мемлекеттік деңгейде ақпаратты дайындау, сақтау, әзірлеу қажеттілігін анықтайды. Жоғарыда атап өтілген мәселелердің бірден бір шешімі 3 өлшемді кадастрлық жүйені енгізу болып табылады. 3D модельдеуді алғаш рет қолдану мультфильмдерді жазықтықта емес, үш өлшемді түрде экранда көрсетуден басталды. Бұдан әрі 3D модельдеу объектілерді визуализациялау сұранысының өсуімен басқа көптеген салаларға енгізілді [1].



1 сурет - 3D модельдеудің қолдану аясы

Айта кететін болсақ, компьютерлік томографияны қолданатын үш өлшемді модельдерді басып шығаруға мүмкіндік беретін аддитивті технологиялар медицина саласындағы басты жетістіктердің бірі болып табылады. Үш өлшемді графиканың дамуы бөлшектер мен құралдар сияқты өндірістік нысандарды құру саласында белсенді түрде жүруде. 3D көмегімен белгілі бір бөлшекті дәл жасауға болады.

Өнеркәсіп саласында үш өлшемді модельдеудің артықшылықтары:

- өнім өндірудегі шығындардың төмендеуі;
- өнім өндіру жылдамдығының артуы;
- өнім өндірісінің дәлдігі;
- бұл өнімді пайдаланудың қарапайымдылығы.

Кадастрға жер учаскелерінің орналасқан жері, олардың шекараларының жазық координаттарын (x,y) енгізу арқылы тіркеледі, бұл олардың ауданын, конфигурациясын және т.б. ескеруге мүмкіндік береді. Алайда, жер учаскесінің рельефі туралы мәліметтерді көрсету және есепке алу мүмкін емес, өйткені бұл жағдайда тік жазықтық іс жүзінде ескерілмейді. Бірақ, халық санының өсуі, құрылыстардың тек жер бетінде емес жер астында да жүргізілуі, қоғам талаптары жаңа жүйеге көшуді талап етеді. Сондықтан кадастрлық жүйе қолданыстағы жағдайды тек жер бетінде ғана емес, оның астында да объективті түрде көрсетуі керек. Демек, күрделі (көп өлшемді) объектілерді тіркеудің жаңа жүйесі туралы сұрақ туындайды. Қолданыстағы екі өлшемді кадастр электр станцияларын, теледидар мұнараларын, байланыс құбырларын және биік объектілерді анық көруге мүмкіндік бермейді, көпірлер мен туннельдер, стандартты емес формадағы көп деңгейлі кешендер сияқты жылжымайтын мүлік объектілерін есепке алуды жүзеге асыру мүмкін емес, екінші, үшінші қабат бөтен аумаққа түседі. 2D кадастрының басты кемшіліктерінің бірі - жер асты нысандарының көрсетілмеуі. Метрополитен желілері, коллекторлар, туннельдер, құбырлар және т.б. сияқты жерасты объектілері, қалалар инфрақұрылымының маңызды элементтері болып табылады, бірақ бұл мәселе оларға құқықтарды тіркеу мүмкіндігін шектейді және әртүрлі мүліктік дауларды тудырады.

Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі-МЖК ААЖ) ақпараттық жүйе ретінде есепке алынған және тіркелген жылжымайтын мүлік туралы неғұрлым толық және анық мәліметтерге ие [2].



2 сурет – Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі 2D

Алайда, бүгінгі күні жылжымайтын мүлік кадастрын геодезиялық қамтамасыз ету жазық тікбұрышты координаттар жүйесінде орындалады және жоғарыда атап өткендей бірқатар объектілерді есепке алу мәселесін туғызады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүліктің үш өлшемді кадастрын әзірлеу және енгізу қажеттілігі туындайды, яғни үшінші координата (z) іске қосу. Жылжымайтын мүліктің мемлекеттік кадастрының ақпараттық негізін межелік белгілердің және жергілікті жердің басқа да объектілерінің координаттары құрайды. Жер бетінің және онда орналасқан объектілердің 3 өлшемді дисплей жерді тиімді пайдалану мүмкіндіктерін және меншік құқығын қамтамасыз ету тетіктерін едәуір кеңейте алады [3].

Сонымен қатар, 3D кадастры жасыл кеңістіктерді, жер бетінен жоғары немесе төмен орналасқан нысандарды және әртүрлі деңгейлерді көруге мүмкіндік береді. Үш өлшемді кадастрды пайдаланудың арқасында коммуникациялық желілер мен құбырлар, сондай-ақ көп деңгейлі кешендер, көппәтерлі үйлер және басқа да объектілер сияқты инфрақұрылым элементтерін есепке алу сапасы артуы тиіс [4]. Жер бедері мен оған орналастырылған объектілерді үш өлшемді бейнелеу кадастрлық есепке алу мүмкіндіктерін және меншік құқығын қамтамасыз ету, жоспарлау және жобалау тетіктерін едәуір кеңейтеді. Жылжымайтын мүлікті және оған құқықтарды үш өлшемді өлшемде тіркеу мүмкіндігі кеңістікті пайдалануды оңтайландыруға мүмкіндік береді.



3 сурет - Санкт-Петербургтің үш өлшемді кадастры

Бүгінгі күні іс жүзінде қолданылатын географиялық кеңістіктік деректерді алудың бірнеше негізгі әдістері бар:

1. жердегі топографиялық түсірілім;
2. жердегі лазерлік сканерлеу;
3. ғаламдық навигациялық спутниктік жүйелер;

4. ұшқышсыз ұшу аппараттары;
5. жоғары ажыратымдылықтағы ғарыштық және аэротүсірілімдер;
6. мобильді сканерлеу жүйелері

Жылжымайтын мүлік кадастрын географиялық кеңістіктік мәліметтермен қамтамасыз етудің мүмкін құралдары мен әдістерін талдай отырып, келесі тұжырымдар жасауға болады:

- екі өлшемді кадастр аумақтың жай күйі туралы географиялық кеңістіктік ақпарат алудың заманауи әдістері мен құралдарының мүмкіндіктерін тиімді жүзеге асыра алмайды;
- жер бетіндегі нүктелердің орнын анықтаудың заманауи құралдары үш өлшемді кадастрдың жүргізілуін қамтамасыз ете алады;
- үш өлшемді Кадастрды құрудың және жүргізудің ең перспективалы әдісі лазерлік сканерлеу әдісі болып табылады, оның негізі спутниктік технологиялар болады.

Қазіргі уақытта мемлекеттік жер кадастрын жүргізу бағдарламасы екі өлшемді кадастр талаптарын қанағаттандыратын МЖК ААЖ кешені болып табылады, алайда бұл жүйе 3D кадастр міндеттерін шешуді қамтамасыз ете алмайды.

3D кадастр мақсаттары үшін бағдарламалық жасақтаманы дамытудың бірнеше нұсқалары бар:

1. Халықаралық тәжірибені пайдалана отырып, Қазақстанда үш өлшемді кадастрлық ақпаратты алу, сақтау, ұсыну модельдерін, үш өлшемді кадастр талаптарын ескере отырып, түбегейлі жаңа бағдарламалық өнімдерді әзірлеу;
2. бағдарламалық өнімдерді біріктіру;
3. шет елдердің үш өлшемді кадастрында пайдаланылатын бағдарламалық кешендерді пысықтау және Қазақстан Республикасының жағдайларына бейімдеу.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрының неғұрлым жоғары сатысы ретінде үш өлшемді кадастрды құру және жүргізу үшін қолайлы сәт туындайтынын атап өтуге болады.

Жер қатынастары саласындағы басты мәселе - үш өлшемді объектілер туралы деректерді тексеруге ерекше назар аудара отырып, жаңа міндеттерді шешуді автоматтандыруды енгізу.

3D-кадастрды енгізу жөніндегі жұмыстарды дамыту және жер қатынастары саласындағы жүйеде де, тұтынушылардың неғұрлым кең ауқымында да әлеуетті пайдаланушылармен өзара іс-қимыл жасау күрделі жылжымайтын мүлік объектілері бойынша үш өлшемді кадастр деректерін пайдалана отырып, құрылатын ақпараттық өнімдердің құрамын нақтылауға және іске асырудың неғұрлым тиімді жолдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл бағыттағы келесі қадам Еуропада жұмыс істеп жатқан уақытта жылжымайтын мүлік объектілерінің өзгеруін көруге мүмкіндік беретін 4D-кадастр жүйелерін дамыту болуы керек [5].

Осы орайда бұл жұмыста Қазақстан Республикасының кадастрлық жүйесін жаңа деңгейге көтеру мақсатында 3D модельдеуді енгізу маңыздылығы баяндалды [6].

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Камалидинова Э.Р., Рожина И.В Программы построения трехмерных графических изображений [Текст] / журнал: Актуальные вопросы преподавания математики, информатики и информационных технологий. -С. 83-90 // [Электрондық ресурс] -URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=28776173> (өтініш берген күні 20.02.2023)
- 2 Бексеитов А. Автоматизированный кадастр [Текст] / А.Бексеитов // Земельные ресурсы Казахстана. - 2015. - №6. - С. 23-25.

3 Жылжымайтын мүлік кадастры жүйелерінің модельдерін жіктеу - [Электрондық ресурс].-URL:<https://cyberleninka.ru/article/n/klassifikatsiya-modeley-sistem-kadastranedvizhimosti/viewer> (өтініш берген күні: 20.02.2023)

4 3D-кадастрды шетелде қолдануды талдау - [Электрондық ресурс]. -URL: <https://rep.bntu.by/bitstream/handle/data/63605/392-397.pdf?sequence=1&isAllowed=y>(өтініш берген күні: 20.02.2023)

5 Жер пайдалануды тиімді ұйымдастыру үшін үш өлшемді кадастрды дамыту - [Электрондық ресурс]. -URL: <https://www.kadastr.org/conf/2016/pub/kadastr/razvitiie-trehmernogo-kadastra-dlya-zemlepolzov.htm> (өтініш берген күні: 20.02.2023)

6 Nega A. and Coors V.: THE USE OF CITYGML 3.0 IN 3D CADASTRE SYSTEM: THE CASE OF ADDIS ABABA CITY [Text]/ Int. Arch. Photogramm. Remote Sens. Spatial Inf. Sci., -2022. XLVIII-4/W4-. - P. 109–116. <https://doi.org/10.5194/isprs-archives-XLVIII-4-W4-2022-109-2022>, 2022.

## ӘОЖ 633.2.033.2

### АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖАЙЫЛЫМ АЛҚАПТАРЫНЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ

*Исаев Е.С., 2 курс студенті*  
*Капетова А.С., магистр, аға оқытушы*  
*С. Сейфулин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті*  
*Астана қ.*

Қазіргі таңдағы жалпы жайылым мәселелері бойынша өзекті мәселелерінің бірі. Ауыл шаруашылығы жануарларының табындары үшін жайылымдық жерлердің жетіспеушілігі соңғы жылдары ауыл тұрғындары арасында ең өткір мәселелердің біріне айналды. Жайылымнан айырылған жеке қожалық иелері ірі жер иеленушілерге шағымданады, даулы аумақтардың төңірегінде қақтығыстар жиі өршіп, әлеуметтік шиеленіс күшейеді.

Атырау облысы Қазақстанның батысында, Жайық өзенінің бойында орналасқан қала. Бұрынғы Каспий теңізінің орнында, шөл-шөлейтті белдеуде орналасқан. Жыл өткен сайын оның жағдайы тіптен күрделенуде. Өзен суының таяздану процесі әлі де жалғасуда, жағалауы да күннен-күнге тартылған. Қазір өзеннің жоғарғы жағынан гидро-техникалық ғимараттарды салу құрылысы да өзеннің жағалауындағы таудай үйінділердің пайда болуына алып келді.

Аймақты және табиғи топырақты қалпына келтіру үшін көп уақытты қажет етеді. Атырау облысы республиканың барлық құрғақ аймақтарының ішінде шөлейттенудің ең жоғары көрсеткішіне ие.

Соңғы жылдары ауыл шаруашылығы алқаптарында қайтымсыз экологиялық өзгерістер, соның ішінде жердің деградация процестерінің күшеюі байқалады. Өңірдегі ауыл шаруашылығы жерлерінің тозуына ықпал ететін негізгі антропогендік фактор ретінде жайылымдық жерлердегі, әсіресе ірі елді мекендердің маңындағы жайылымдардың шамадан тыс жайылуын, олардың бұзылуына әкеп соқтыруы дигрессияны анықтауға болады. Мұнда мал азықтық алқаптардың шығымдылығының төмендеуі байқалады, жалпы алғанда, облыстағы жайылымдықтардың деградациялану үдерісін шөлейттену процестерінің дамуының айқын мысалы ретінде қарастыруға болады.

Жайылымдық жерлердің шамадан тыс жайылуы бағалы өсімдік түрлерінің арамшөптермен және жеуге жарамсыз түрлерімен алмастырылуынан, өнімділіктің төмендеуінен, пайдалану маусымының шектелуінен көрінеді. Айта кету керек, ең көп құлаған аумақтар құдықтар мен мал суаратын орындармен шектеледі. Жалпы алғанда,

облыстың орташа және қатты мал жаюының жоғары жайылымдық аумақтарымен сипатталатынын атап өтуге болады. Деградацияның ең үлкен көрінісі Құрманғазы, Махамбет және Қызылқоға аудандарында байқалады. Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы жерлері 3 057,2 мың гектарды немесе облыс аумағының 26,0-ға пайызға дейін құрайды. Облыстағы ауыл шаруашылығы жерлерінің сапалық бағалауы бойынша жалпы алқаптың 38 пайызы сортаң, 34 пайызы сусызданған, 19 пайызы сортаң, 6 пайызы ғана теріс белгілерімен асқынбаған жерлерге тиесілі [1]. Жайылымдық және атыраулық табиғи кешендердің деградация мәселесі ерекше назар аударуды қажет етеді. Жайық өзенінің жайылмасы мен арналарында құрғау үрдісі байқалып, 132,9 мың гектар алқап жүйесіне әсер ететінін атап өткім келеді, бұл өздеріңіз білетіндей, облыстағы ең құндысы шабындық болып табылады. Осылайша, әртүрлі табиғи процестердің әсерінен соңғы онжылдықта гидроморфтық ландшафттардың аудандары айтарлықтай қысқарды. Атап айтқанда, облыста шабындық 3 есеге, қамыс 14 есеге азайған. Жалпы облыста ауыл шаруашылығы жерлерінің өнімділігі мен олардың жем-шөппен қамтамасыз етілуінің төмендеуі байқалады [2].

Кесте – 1 Атырау облысы бойынша ауыл шаруашылығы алқаптарының бөлінуі, мың га

Облыстар атауы	Барлық а/ш алқаптары	соның ішінде					
		егістік		көп жылдық екпелер	тыңайған жер	шабындық	Жайылым
		барлығы	оның ішінде суармалы				
Атырау	9 767,2	9,1	9,1	0,8	11,5	132,9	9 612,9

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің деректері бойынша топырақ пен қоршаған орта ластануының үлкен үлесі Атырау облысына - 59% келеді. Жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, топырақтың мұнай өнімдерімен ластануының ең жоғары деңгейі Мақат кен орнының маңында анықталған.

Зерттеулердің негізгі мәселелері:

- табиғи-климаттық жағдайлар, көктемгі және жазғы кезеңдердегі жауын-шашынның жеткіліксіздігі;
  - шөлдену процестерінің нәтижесінде деградация;
  - аймақтағы мұнай-газ өнеркәсібінің дамуына, жолдардың салынуы мен пайдаланылуына дигрессия, дефляция, тұздану, сайдың пайда болуы және т.б. сияқты процестердің белсендірілуіне ықпал етеді;
  - жер асты тұщы су көздері қорының төмен деңгейі;
  - облыстың Жайық, Қиғаш, Ойыл, Жем және т.б. ірілі-ұсақты өзендерінің деңгейін төмендету;
  - тереңдету жұмыстарына жергілікті бюджеттен бөлінген қаражаттың жеткіліксіздігі;
  - көктемгі тасқын суларының төмен деңгейі, сәйкесінше төмендеуі
  - табиғи су басқан шабындықтар мен жайылымдар;
  - мал азықтық дақылдар алқаптарының үлесінің қысқаруы (жоңышқа, судан шөп, жүгері және т.б. минимумға дейін);
  - қысқы қора кезеңіндегі жем-шөп қорының тапшылығы;
- облыста, атап айтқанда Махамбет, Индер және Исатай аудандарында шөпті қажетті мөлшерде жинауға мүмкіндік бермейтін өнімділіктің төмендігі және шабындықтардың болмауы [3];

Жоғарыда айтылғандардан шешім жолдарын ұсыну керек:

- барлық санаттағы жерлерге және ең алдымен ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге түгендеу жүргізу, оның барысында жер түрлері бойынша барлық санаттағы жерлердің жалпы ауданы, олардың сапалық жай-күйі, жер пайдаланушылар бойынша

бөлінуі туралы мәліметтер анықталады; сондай-ақ мақсаты бойынша пайдаланылмаған жерлер және т.б.

- аумақтардың топырақ ерекшеліктерін білуді талап ететін топырақ-климаттық жағдайларды және басқа да мақсаттарды ескере отырып, егіншілік мәдениетін көтеру, топырақ құнарлылығын және ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыру бойынша агротехникалық іс-шаралардың сараланған жүйесін әзірлеу үшін жерлердің топырақ зерттеуін жүргізу.

- жайылымдық жүктемені азайту; оңтайлыға жақын жүктемені сақтай отырып, экологиялық таза жайылым айналымын енгізу және жайылым айналымы жағдайында далалық генетикалық қорларды (тынығу аймақтарын) құру;

- жайылымдық жөндеу кезеңіне жайылымды толық тоқтата отырып, бұзылған жайылымдардағы шөптерді қалпына келтіру (шөптерді шамадан тыс қопсыту, қопсыту, мульчирование, құрылым түзушілерді енгізу және т.б. арқылы);

- жемдік қасиеттері жоғары далалық өсімдіктерді өсіру бойынша тәжірибелер жасау,

- жем-шөп алқаптарын түбегейлі жақсарту, сортаң жерлерді мелиорациялау және эрозияға қарсы шаралар;

- топырақтың батпақтануын және қайталама сортаңдануын болдырмайтын технологияларды таңдау жолымен суару әдістерін оңтайландыру (тек жақсы құрғатылған топырақты суару, шабындықтарды бірінші рет суару, жайылымдар мен ірі ойыстарды механикалық әдіспен суару), сондай-ақ фитомелиорациялық технологиялар;

- уақытша ағындар мен шағын өзендердегі су шаруашылығы құрылыстарын оңтайландыру;

- көпжылдық мал азықтық дақылдарды өсіру үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қаржылық қолдау көрсететін шараларды әзірлеу,

- өңірдегі Қиғаш, Ойыл, Жем және т.б. шағын өзендерді тереңдету бойынша іс-шараларды қаржыландыру.

Қазіргі уақытта қолда бар ақпарат Атырау облысының бүкіл аумағында егжей-тегжейлі экологиялық-геохимиялық зерттеулер жүргізу және жаңа технологияларды пайдалана отырып, жағымсыз кері әсерлерді жою және тұрақтандыру жөнінде жүйелі негізде ұсынымдар әзірлеу қажет.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Лысенко В.В., Кокорева И.И. Растительный покров промышленных зон Северо-восточного Прикаспия [Текст] / Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ҚазҰУ хабаршысы, Биология сериясы. – Алматы, -2010. -№ 4(46). [Электрондық ресурс]. -URL: <http://imebrk.kz/journals/2437/2036.pdf>

2 Қазақстан Республикасының 2021 жылғы жер жағдайы және оның пайдаланылуы туралы жиынтық талдамалы есебі. [Электрондық ресурс]. -URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/land/documents/details/291911?lang=kk>. (өтініш берген күні: 16.02.2023)

3 B.Zh. Yesmagulova, A.Y. Assetova, Zh.B.Tassanova, A.N. Zhildikbaeva, D. K. Molzhigitova Determination of the Degradation Degree of Pasture Lands in the West Kazakhstan Region Based on Monitoring Using Geoinformation Technologies [Text]/ Journal of Ecological Engineering -2023. -№24(1). -P.179–187.

<https://doi.org/10.12911/22998993/155167> ISSN 2299–8993, License CC-BY 4.0



## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖЕРЛЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

*Исмаил Н.Ә., 2 курс студенті*

*С. Сейфулин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті  
Астана қ.*

Жер қорларын ұтымды пайдалану – шаруашылықтағы маңызды мәселе. Ол халық шаруашылығына арналған жерлерді дұрыс үлестіруге, бізге керек ауыл шаруашылық өнімдерді алуға, топырақтың құнарлылығын сақтап сапасын жақсартуға көзделеді. Осы айтылған мәселелерді шешу үшін жер кадастрын толықтай жүргізу керек.

Қазіргі уақытта жер учаскілерін түгелдеу, заңсыз пайдаланылып отқан жерлерді анықтау және ол жерлерді мемлекет қорына қайтару және де топырақ құнарлылығын жақсарту жұмысын жүргізуін қолдап отыр.

Қазақстанда ауылшаруашылық мақсаттағы жерлердің 88,3% шөлді және жартылай шөлейтті аймаққа жатады делінген. Орта есеппен алғанда қазіргі уақытта 1 адам басына 1,5 гектар егістік алқабы тиеді екен. Бұл көрсеткіш дүние жүзі бойынша ең жетекші көрсеткіш [1].

Елімізде жер қорындағы жерлердің барлық 7 санаты да бар және онымен қоса жер мөлшері өте көп. Қазақстандағы жерлердің басым бөлігін ауылшаруашылық жерлер алып жатыр. Олардың көлемі 113,4 млн гектарды құрап отыр. Бірақ бұл жерлердің 67,4% заңды тұлғалардың қолында. Біздің егістік жерлердегі кішігірім мәселе сапаның төмендігінде, бұл ауылшаруашылық жерлерінің 30,8 млн гектары су және жел эрозиясына ұшыраған өнімділігі өте аз [2].

Қазіргі шаруашылықтардың басым көпшілігінің ойы жерді бөліп алып, оны рәсімдеуге асығады, одан кейін ол жердің өнімділігі жай-күйі екінші орынға қалып ескерілмей қалып жатыр. Жыртылған жерлердің құнарлылығының төмендеуінің негізгі факторы жерді дұрыс пайдаланбау және жерге арнайы минералдық, органикалық тыңайтқыштардың себілмеуі, дұрыс күтім жасалмауынан болып отыр. Осыны бақылап отырып басшылық 2022 ж егістіктің 46,6% тыңайтуды жоспарлаған.

Ал жайылым жерлерге келетін болсақ, олардың да сапасы тозып жатыр. Әсіресе елді-мекен су көздеріне жақын жердегі жайылымдар қатты тоқырауға ұшырап жатыр және азаюдың орнына ұдайы күшейіп жатыр. Мамандардың қолдағы ақпараттарына қарап айтуды бойынша, жайылымдар мен шөп алқаптарының базасын негіздеп реттеу үшін жыл сайынғы геоботаникалық жұмыстардың көлемін 10-15 есеге арттыру керек дейді.

Ауыл шаруашылық алқаптарының қазіргі жағдайын ескеріп қарасақ, бізге жерді тиімді пайдалану және құнарлығын сақтау жөніндегі бағдарламалар жасаудың қажеттілігі туып отыр. Негізінен бұл жұмыстар Жер кодексіне және Астық туралы заңға сәйкес жергілікті органдардың құзырында. Бірақ өкінішке орай қазір бізде толыққанды құрылған бағдарлама жоқ [3].

Бұл шаралардың бәрін орындау оңай іс емес және білікті мамандарды талап етеді. Қазір бұл мәселе бойынша бізде қиындау, әсіресе топырақтанушы, геодезист, картограф сияқты мамандар бойынша. Оқу орындары бұндай мамандарды жеткілікті шығарып қамтамасыз етіп отырсада, осы іс бойынша жұмыс жасайтындар өте аз. Ал келгендердің көбісінің білім деңгейі қойған талаптарға сай келмей шығады. Осы себептерге байланысты ЖОО сәйкес шаралар қабылдау керек. Мысалы студенттерді өндірістік тәжірибелерге қабылдау ерте бастан көздерін ашу, сонымен қатар оқу орындарымен келісімшарт жасап байланыс орнату. Студенттерге өз саласының мамандықтарына байланысты білімдерін жетілдіретін курстар ашса да аздық етпейді.

Түйіндей келе бүгінгі таңдағы басты міндетіміз жылдан-жылға құлдырап, құнарлылығы төмендеп бара жатқан жерлерімізді сақтап қалу керекпіз. Жер құнарлығын сақтап қалудың ең басты шарттарының бірі ауыспалы егістікті қолдану. Бірақ бұны майда шаруа қожалықтары, қарапайым адамдар қолдануға шамасы жетпейді. Бұл жерде үлкен шарушылықтағы адамдарды қызықтыратындай экономиканы қолдансақ болатын секілді. Мысалы егістікке жарамды жердің көлемін арттырса – жоғары өнім алады, түсірсе – айыппұл төлеуі керек дегендей.

Облыс көлемінде топырақты зерттеу түрін өткізу қажет деп ойлаймын. Бұның ішінде бірінші кезекте егістікке жарамды жерлерді анықтаған дұрыс болар еді. Осындай зерттеулер жүргізсе, біраз жайтқа әсер ететін еді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1 Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы [Электрондық ресурс]. -URL: <https://primeminister.kz/kz/news/2022-zhyly-koktemgi-egizhane-egin-zhinau-zhumystaryn-karzhylandyru-kolemin-kosymsha-70-mlrd-tengege-arttyru-zhosparlanuda-1025740> (өтініш берген күні: 15.02.2023)

2 Morris Wright. Жел эрозиясы: факторлар, түрлері, салдары, мысалдары. // 2023 [Электрондық ресурс]. -URL: <https://kk.warbletoncouncil.org/erosion-eolica-15658>

3 Saparov A.S. State and rational use of soil and land resources of the Republic of Kazakhstan [Text]/ Soil Science and Agrichemistry. -2019. -№2. - P.10-20.

*Ғылыми жетекшісі: Канетова А.С., магистр ғылымы, аға оқытушы*

**ӘОЖ 631.115.2**

### **ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІ ТІРКЕУДЕГІ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІН КӨРСЕТУ**

*Ишманова А., 4 курс студенті*

*Беристенов А.Т., аға оқытушы*

*С. Сейфулин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті  
Астана қ.*

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 20 шілдедегі №310 Заңы бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу (бұдан әрі - мемлекеттік тіркеу) - осы Заң мен өзге де заңдарда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жылжымайтын мүлікке құқықтардың (құқықтар ауыртпалықтарының) туындауын, өзгеруін немесе тоқтатылуын және құқықтық кадастрадағы мемлекеттік тіркеудің өзге де объектілерін мемлекеттің таңуы мен растауын міндеттейді.

Жылжымайтын мүліктің бастапқы объектісі - әртүрлі функционалдық мақсаттағы ғимараттар және құрылыстар, сондай-ақ ерекше реттеу және қала құрылысын регламенттеу объектілері.

Жылжымайтын мүліктің кейінгі объектісі - құқықтарды тіркеу мақсатында меншіктің жеке (бөлек) құқық (өзге де заттық құқық) объектілері ретінде оларға кадастрлық нөмірлер берілетін тұрғын және тұрғын емес үй-жайлар.

Жылжымайтын мүлікке құқық ауыртпалығы - Қазақстан Республикасының заңдарында немесе тараптардың келісімімен көзделген тәртіппен туындаған және құқық иесінің жылжымайтын мүлікке иелік ету, пайдалану және (немесе) билік ету құқығын

шектеуде көрінетін жылжымайтын мүлікке құқықты кез келген шектеу [1].

Жылжымайтын мүлікке мынадай құқықтар құқықтық кадастрда мемлекеттік тіркеуге жатады:

- 1) меншік құқығы;
- 2) шаруашылық жүргізу құқығы;
- 3) оралымды басқару құқығы;
- 4) кемінде бір жыл мерзімге жер пайдалану құқығы;
- 5) үстемдікке ие жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүлік объектісінің пайдасына кемінде бір жыл мерзімге сервитуттар.

Жылжымайтын мүлікке құқықтардың мынадай ауыртпалықтары құқықтық кадастрда мемлекеттік тіркеуге жатады:

- 1) кемінде бір жыл мерзімге пайдалану құқығы, соның ішінде жалға беру, өтеусіз пайдалану, сервитуттар, өмір бойы қарауында ұстау құқығы, рента;
- 2) сенімгерлікпен басқару құқығы, оның ішінде қорғаншылық, қамқоршылық кезінде, мұралық құқық қатынастарында, банкроттықта және басқаларында сенімгерлікпен басқару құқығы;
- 3) кепіл;
- 4) тыйым салу;
- 5) мемлекеттік органдардың өз құзыреті шегінде жылжымайтын мүлікті пайдалануға, оған билік етуге немесе белгілі бір жұмыстарды орындауға шектеу қоюы (тыйым салуы);
- 6) басым мүдделерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жылжымайтын мүлікке құқықтардың өзге ауыртпалықтары.

Жылжымайтын мүлікке құқықтардың (құқықтар ауыртпалықтарының) өзгерістерін мемлекеттік тіркеу

1. Құқықтық кадастрда мемлекеттік тіркеуге:

- 1) осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, жылжымайтын мүлік объектісінің құқықтық кадастрды жүргізу үшін қажетті сәйкестендіру сипаттамаларының өзгеруі;
- 2) құқықтық кадастрдың тіркеу парағында қамтылған құқық иесі туралы мәліметтердің өзгеруі;
- 3) заңнамалық актінің негізінде құқық түрінің өзгеру жағдайын қоспағанда, құқық түрінің өзгеруі;
- 4) егер олар тіркеу парағында қамтылған мәліметтерге қатысты болса, жылжымайтын мүлік объектісіне белгіленген құқықтардың көлеміне әсер етсе немесе олар тараптардың келісімі бойынша тіркелуге тиіс болса, шарттар талаптарының өзгеруі жатады.

2. Жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру сипаттамаларының өзгеруі мемлекеттік органдардың шешімі бойынша болған жағдайда, оның ішінде елді мекендердің атауы, көшелердің аты, сондай-ақ үйлер мен өзге де құрылыстардың реттік нөмірлері (мекенжайы) өзгерген кезде немесе Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысын реформалауға байланысты кадастрлық нөмірлер өзгерген кезде мұндай өзгерістерді тіркеу құқық иеленушіге жүктеле алмайды және өтеусіз жүзеге асырылады.

3. Құқық иеленуші мәліметтерінің өзгеруін мемлекеттік тіркеуші органға өтініш жасамастан, құқық иеленушіні хабардар ете отырып, мемлекеттік ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы өтеусіз негізде жүзеге асырылады [2].

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу жүргізу тәртібі

1. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

- 1) жасалатын мәміленің және (немесе) жылжымайтын мүлікке құқықтардың (құқықтар ауыртпалықтары) туындауына, өзгеруіне, тоқтатылуына негіз болып табылатын өзге де заңдық фактілердің (заңдық құрамдардың) заңдылығын немесе мемлекеттік тіркеудің өзге де объектілерін тексеруді қоса алғанда, мемлекеттік тіркеуге ұсынылатын құжаттардың қолданыстағы заңнамаға сәйкестігін тексеру;

Тіркеуші орган жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу үшін қажетті жылжымайтын мүлік объектісінің техникалық және сәйкестендіру сипаттамалары туралы мәліметтерді тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады;

2) тіркеу парағына жүргізілген тіркеу не осы Заңда көзделген жағдайларда мемлекеттік тіркеуден бас тарту немесе оны тоқтата тұру туралы жазба енгізу;

3) құқық белгілейтін құжатта жүргізілген мемлекеттік тіркеу туралы жазба жасау;

4) жүргізілген тіркеу туралы белгісі бар құқық белгілейтін құжатты, не осы Заңда көзделген негіздер бойынша мемлекеттік тіркеуден бас тарту немесе оны тоқтата тұру туралы құжатты беру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру [3].

2. Құқықтарды (құқықтар ауыртпалықтарын) электрондық тіркеу нотариат куәландырған мәміле, мұраға құқық туралы куәлік, меншік құқығы туралы куәлік негізінде мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) нотариус мәмілені куәландырғаннан, мұраға құқық туралы куәлікті немесе меншік құқығы туралы куәлікті бергеннен кейін:

құқық белгілейтін құжаттың электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық көшірмесін бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйе арқылы құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне жібереді;

жылжымайтын мүлікті сатып алушыға:

құқық белгілейтін құжаттың бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйеде берілген бірегей нөмірі туралы;

2) тіркеуші орган:

құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесінде, ал қажет болған кезде ЭҮТШ-те жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін ақының төленгенін растайтын электрондық чектің болуын, төленген ақының толықтығын және электрондық чекте және құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесінде көрсетілген құқық белгілейтін құжаттың бірегей нөмірінің сәйкестігін тексереді [4].

Жылжымайтын мүліктік құқықтарды (құқықтар ауыртпалықтарын) электрондық тіркеу нотариат куәландырған мәміле, мұраға құқық туралы куәлік, меншік құқығы туралы рәсімдеу барысында мынадай кемшіліктер орын алады:

1. Жылжымайтын мүлікті сату-сатып алу, немесе мұраға қалдыру, сыйға беру мәмілелерін жасау барысында және жылжымайтын мүлікті тіркеу процесінде.



Қазіргі қолданыстағы жылжымайтын мүлікті тіркеудегі мәмілелер реті. Сурет-1



Ұсынылатын жылжымайтын мүлікті тіреудегі мәмілелер ретінің үлгісі. Сурет-2  
 Қорытындылай келе, Жер учаскесінің Актісі және жылжымайтын мүліктің техникалық паспорты, ең алдымен жылжымайтын мүліктің иесіне, содан кейін нотариусқа, ал содан соң тек жылжымайтын мүлікті тіркеу және жер кадастры бөліміне емес аудандық, қалалық жер қатынастары бөліміне де жіберілгенде көптеген кемшіліктер жойылады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 20 шілдедегі Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы заңы [<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000310>]
- 2 Timur Taipov, Yury Khan, Gulnara Kurmanova, Shyryn Kantarbayeva, Venera Alpysova Public Administration in the Agricultural Sector of Kazakhstan [Text]/ Journal Espacios, -2017. -Vol. 38. -№ 4. (Scopus) [[https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract\\_id=2989524](https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract_id=2989524)]
- 3 Утегалиева Н.Х. Оценка недвижимости [Текст]: учебное пособие: Уральск, 2019.- 98 с. [<https://emedia.enu.kz/content/>]
- 4 Сейфуллин, Ж.Т. Қазақстанның жер кадастры [Текст]: оқу құралы / Ж.Т. Сейфуллин, Г.Н. Нюсупова, Г.Ж. Сейтхамзина.- Алматы: Қазақ университеті, 2013.- 240 б.

ӘОЖ 332.334

### ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДАҒЫ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖЕРЛЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ

*Казбеков С.Д., 2 курс студенті  
 Капетова А.С., магистр ғылымы, аға оқытушы  
 С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті  
 Астана қ.*

Ғылыми зерттеу тақырыбының өзектілігі Жамбыл облысының ағымдағы жағдайға байланысты болып тұр. Облыстың жер қоры 14,4 млн га (республика аумағының 5,3 пайызы) құрайды. Өздеріңіз білетіндей, Жамбыл облысы өзінің табиғи орналасуы мен

қолда бар жер байлығының ерекшеліктеріне сәйкес агроөнеркәсіптік аймақ болып табылады. Бұл ретте аумақтың 72 пайызы егін және мал шаруашылығын дамытуға қолайлы деп танылған. Сондықтан ауыл шаруашылығы жерлерін қорғау және тиімді пайдалану өте өзекті.

Ауыл шаруашылығына арналған жер көлемі 4,7 млн га [1]. Өкінішке орай, барлық жер тиімді пайдаланыла бермейді. Негізгі жағымсыз фактор жер пайдалану субъектілерінің шағын тауарлық қабілеті болып табылады. Белгілі болғандай, ұсақ шаруа қожалықтары мен кооперативтер материалдық-техникалық және қаржылық жағынан әлсіз. Соның салдарынан егістік алқаптардың едәуір бөлігі жүйелі игерілмей қалып отыр.

Кесте – 1. 2021 жылғы 1 қарашадағы жерлерді облыс бөлігінде жер санаттары бойынша бөлу, млн га

Облыс атауы	Жер көлемі (млн га)	Жер санаттары							Барлық жер
		ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	елді мекендер жері	өнеркәсіп, көлік, байланыс және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жері	орман қорының жері	су қорының жері	босалқы жер	
Жамбыл облысы	14 427,5	4693,0	672,2	175,0	11,6	4429,1	356,1	1601,2	11938,2

Суармалы егістік жерлерінің қайтарымының төмен болуына аймақтың көршілес Қырғызстанға суға тәуелділігі де әсер етіп отыр. Сондықтан, жалпы жер қорын пайдалану тиімділігін арттыру үшін жерді жүйелі түрде түгендеу және қайта қарау өте маңызды [2].

Осы мақсатта бөлім мен жергілікті бюджет есебінен ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге түгендеу жұмыстары жүргізілді. Бұрынғы саяжайлар, алма бақтары мен жүзімдіктер алып жатқан аумақтар зерттеліп, жеке тұрғын үй құрылысына берілген учаскелер тексерілді. Сонымен қатар, 2017 жылдан бастап егістік жерлерді игерудің ғарыштық мониторингі әдісі қолданысқа енгізілді.

Кесте – 2. 2021 жылғы 1 қарашадағы облысқа қатысты ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің алқап түрлері бойынша құрамы, млн.га

Облыстар атауы	Жалпы көлемі	А/ш алқаптары, барлығы	Егістік	Көп жылдық екпелер	Тыңайған жер	Шабындық	Жайылым
Жамбыл	4 693,0	4 557,9	781,5	3,7	-	119,7	3 653,0

Соның нәтижесінде игерілмей жатқан 236 мың гектар ауыл шаруашылығы жері мемлекет меншігіне қайтарылды. Бос аумақтар нақтыланып, геопорталға орналастырылды. Шартты жер үлестері бар облыс тұрғындарының есебін нақтылау жұмыстары басталды. Анықталған артығы да мемлекет меншігіне қайтарылады.

Жайылым тапшылығы да барлық өңірлерге тән өткір мәселеге айналып отыр. Облысымыздың жер қорында 8,1 миллион гектар жайылымдық жер бар. Оның 3,6 миллион гектары ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде, тағы 2,7 миллион гектары босалқы және орман қоры жерлерінде орналасқан. Қолда бар малды шартты түрде орналастыруға жеткілікті сияқты. Алайда, оның негізінен үй шаруашылықтарында шоғырлануына және қолданыстағы мал жаю жүйесіне байланысты елді мекендерге бекітілген жайылымдық жерлер жеткіліксіз.

Прокуратура органдарымен бірлесе отырып 683 мың га жайылымдық жер тапшылығы анықталды, сондықтан бес бағытта жүйелі жұмыстар басталды, оның ішінде елді мекендер маңындағы босалқы санаттағы жайылымдық жерлерді ауылдық округтердің балансына беру. Сондай-ақ ауылдық округтерге бес шақырым радиуста елді мекендер аумағына іргелес жатқан 200 мың гектарға жуық жайылымдық жерлерді бекіту жұмыстары басталып кетті. Орман қоры жерлеріне малды шығару да жолға қойылған. 2022 жылы елді мекендердің жайылымдарын ұлғайту үшін 420 мың гектарға жуық жерді қосымша беру жоспарлануда.

Тұрғындардың жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер теліміне сұранысын қанағаттандыру да республика көлемінде өзекті мәселеге айналып отыр. Бір ғана Жамбыл облысында 170 мыңға жуық тұрғын оларды қабылдау кезегіне тіркелген.

Жер заңнамасына сәйкес жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесін беру елді мекеннің Бас жоспарына немесе дамытудың оңайлатылған схемасына сәйкес инженерлік инфрақұрылым желілері қосылған аумақтарда ғана жүзеге асырылады. Осы мақсатта 2011-2016 жылдар аралығында облыста барлық елді мекендерге бағдарлама жасалып, қажетті жер ресурстарымен құжаттары қамтамасыз етілді. Ендігі мәселе құрылыс алаңын инженерлік инфрақұрылым жүйелерімен қамтамасыз етуде.

Бір шақырым аралық су құбырын тартуға орта есеппен 23 миллион теңге, газ құбырының километріне 26 миллион теңге, электр желісіне қосуға 13 миллион теңге жұмсалатынын ескерсек, осы сандар айтарлықтай көп, ал шығындар әрқашан жергілікті бюджеттің құзырында бола бермейді. Республикалық бюджеттен қолдау қажет деп ойлаймын.

Тағы бір айта кетерлігі, жер телімдерін алу кезегіне тіркеу автоматтандырылған және мемлекеттік кадастрлық картаға енгізілген.

Жариялылық пен ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында жер комиссияларының құрамына қоғамдық кеңестердің өкілдері, мәслихат депутаттары, мемлекеттік емес бірлестіктердің мүшелері тартылады.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметтердің 90 пайызы электронды түрде көрсетіліп, өтіп жатқан жер аукциондары да сол форматқа көшірілген. Жер аукциондарын электронды форматқа көшіру жұмыстары жүргізілуде.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1 Қазақстан Республикасының 2021 жылғы жер жағдайы және оның пайдаланылуы туралы жиынтық талдамалы есебі. [Электрондық ресурс]. URL:<https://www.gov.kz/memleket/entities/land/documents/details/291911?lang=kk> (өтініш берген күні: 16.02.2023)

2 C.M. Viana, D. Freire, P. Abrantes et al Agricultural land systems importance for supporting food security and sustainable development goals [Text]/ A systematic review Science of the Total Environment, -2022. -№ 806. 15071 ISSN 00489697 <https://doi.org/10.1016/j.scitotenv.2021.150718>

**ЖИЛАЯ НЕДВИЖИМОСТЬ: НА ПРИМЕРЕ VI ГРУПП**

*Камен Д.М., студент 2 курса*

*Казахский агротехнический исследовательский университет им. С.Сейфуллина  
г. Астана*

В настоящее время в условиях жесткой конкуренции на рынке недвижимости, в продажах как розничной, так и оптовой возрастает количество совершаемых с ними сделок, что обуславливает необходимость фундаментальной проработки понятия жилого помещения. За последнее время большая часть компаний конкурируют на рынке жилищного строительства и это хорошо. Таким образом, актуальность данной темы определяется необходимостью изучить анализ приобретения гражданами права собственности на жилые помещения.

Жилая недвижимость представляет собой (частный дом, квартира, временное использование или постоянное место проживания, позволяющие зарегистрироваться по указанному адресу). Статус жилого помещения способен получить только объект, который соответствует нормам СНиП, так же удовлетворяет требованиям пожарной безопасности и иметь все необходимые для жизни инженерные коммуникации (водоснабжение, водоотведение, электроэнергия, вентилирование).

Жилая недвижимость делится на несколько категорий (малозэтажное жилье (не более 3-х этажей); многоэтажные дома (4-9 этажей); дома повышенной этажности (10-20 этажей); высотные дома (более 20 этажей).

Неотъемлемым обстоятельством жилища считается присутствие конкретной степени комфорта с целью проживания. Это дает возможность систематизировать его согласно категориям: элитный, стандартный, бизнес-класс и т.п. В зависимости от комфорта и условий зависит цена жилья.

Местоположения участка подразделяют на городское и загородное жилье. Встречаются объекты смешанного типа на примере таунхаус. Он представляет собой частный дом, рассчитанный на проживание двух-четырех семей с выделением для каждого из них большого участка земли.

В нынешних обстоятельствах жилье покупают не только для личного проживания ну и для перепродажи или сдачи в аренду. К категории жилой недвижимости относят и земельные участки, выделенные под жилищное строительство.

Наиболее часто упоминаемыми среди застройщиков является крупнейший инвестиционно-строительный холдинг - VI Group. Анализ показывает, что, в сфере строительного бизнеса занимает 198-е место в рейтинге крупнейших строительных компаний мира ENR Top 250 Global Contractors. Портфель заказов VI Group, как ведущего генерального подрядчика в Казахстане, в 2019 году включил: контракты на строительство социальных объектов – 48%, автодорог и мостов – 18%, контракты в сферах морского и нефтегазового строительства - по 10%, инфраструктурных проектов – 9%, ж/д путей - 5%. 2001 год — создание VI Group — головного предприятия, будущего лидера строительной отрасли Казахстана [1].

Один из немногих жилых комплексов построенной VI групп является «Времена года», находящийся по адресу город Астана, р-н Есиль, ул. Керей, Жанибек хандар, 12/1, 12/8, 12/9, пр. Кабанбай батыра, 46, 46а, 46б, 48. Создан 2021 году, 25-этажный комплекс. Класс жилого комплекса на уровне комфорта. Креативная часть жилого комплекса заключается в том, что состоит из четырех очередей «Осень», «Весна», затем «Зима» и «Лето», которые оформлены в тематическом сезонном стиле. VI групп знамениты в Казахстане не только по качественной постройкой объектов, но и хорошим выбором локации [1].



ВІ групп был создан в 1995 году, и уже построили 92 жилых комплексов, 19 объектов строятся, а 20 стоят на продаже, это один из лучших достижений в сфере строительства в Казахстане.

В Казахстане на данный период продолжает расти урбанизация. В 2000 году доля городского населения составляла 40%, или 5,8 млн, то теперь показатели — 59% и 11,2 млн, соответственно. По прогнозам, население городов только продолжит расти и достигнет 75% к 2040 году. Это хорошая новость для строительных компаний, включая ВІ групп [2].

Жилая недвижимость это одна из прибыльных бизнесов и это весьма важно для достаточно молодой страны. В Казахстане много земли, и если она таким темпом будет и дальше развиваться, то в недалеком будущем в Казахстане будет больше больших городов, чем деревень, как и в развитых странах. Предполагается, что в этой сфере будет больше конкуренций для той же строительной компаний ВІ групп, так как, где есть конкуренция там и большой выбор и качество.

Результаты показывают, что бренд застройщика оказывает существенное влияние на решение о покупке жилой недвижимости. Более того, уровень осведомленности о бренде застройщиков высок среди потенциальных покупателей жилья в процессе принятия решения о покупке. Таким образом, эти результаты помогут застройщикам эффективно работать и формулировать маркетинговые стратегии, а потенциальным покупателям жилья - выбирать застройщиков с высокой репутацией, когда дело доходит до покупки недвижимости [3].

### Список литературы

- 1 Официальный сайт: bi-group.kz - [Электронный ресурс]. -URL: [https://company.bi.group/ru/about?utm\\_source=bigroup&utm\\_medium=referral&utm\\_campaign=headermenu](https://company.bi.group/ru/about?utm_source=bigroup&utm_medium=referral&utm_campaign=headermenu) (дата обращения: 22.02.2023)
- 2 2 млн квадратов жилья построит ВІ Group в сотрудничестве с партнерами в 2021 году- [Электронный ресурс]. -URL: <https://kz.kursiv.media/2021-04-29/2-mln-kvadratov-zhilya-postroit-bi-group-v-sotrudnichestve-s-partnerami-v/>
- 3 Azlina Md. Yassin, Mohd. Yamani Yahya, Haidaliza Masram, Haryati Shafii, Md. Asrul Nasid Masrom, and Edie Ezwan Mohd Safian. Real estate developers brand affecting buyers' purchasing decision on residential property [Text]/ Conference Proceedings, 2022. -№2644. <https://doi.org/10.1063/5.0105944>

*Научный руководитель: Капетова.А.С., магистр наук, старший преподаватель*

**ӘОЖ 332.363**

### КАДАСТР ЖӘНЕ ЖЕР МОНИТОРИНГІНІҢ ЗАМАНАУИ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Қуандық А.М., 2 курс студенті*

*С. Сейфулин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті  
Астана қ.*

Баяндаманы бастаған сәтте міндетті түрде бастапқы кезеңінде көптеген сұрақтар пайда болды. Бұл баяндаманы зерттеу міндетіне келетін болсақ, ол кадастр қызметін жүзеге асыру, оның маңызы мен міндеті, жер мониторингі ақпарат көздерін іздеу әдісі сондай-ақ баяндаманың мазмұнымен және олардың қазіргі танда пайда болған заманауи мәселелері, оны қалай шешу жолдары мен әдістері мен ғылыми жұмысты қорғау болып табылады.

Жер кадастры — мемлекет аумағындағы жер ресурстарының табиғи және шаруашылық жағдайы мен оларды бағалау туралы мағлұматтар жүйесі. Жер телімдерінің орналасқан жері, онда орналасқан нысандары, оның пайдаланылуы, ауданы мен шекарасы, сапалық сипаттамасы, жер пайдалану есебі мен жер телімдерін бағалау жер кадастрының мәліметтері жүйесіне кіреді. Мемлекеттік жер кадастрының деректері жерді пайдалану мен қорғауды жоспарлаған, жерге орналастырған, шаруашылық қызметін бағалаған, жерді пайдалану мен қорғауға байланысты басқа да шараларды жүзеге асырған кезде сүйенетін негіз яғни, деректер жүйесі болып табылады. Ол деректер жер үшін төлем мөлшерін анықтау кезінде, құқықтық және басқа кадастрды жүргізген кезде пайдаланылуы қажет.

Қазіргі заманғы заманауи шетелдік кадастрлық жүйелер мемлекеттік басқарудың негізгі элементі болып табылады. Себебі оның жүргізу әдістері, қолданылуы, ақпараттық өзара іс-қимыл және әлемде бәсекеге қабілетті экономиканы құру мен оны жаңғыртуға, оны одан әрмен нығайтуға мүмкіндік береді, сондай-ақ кадастрлық жүйе ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді [1].

Қазіргі заманғы кадастр жүйесі бір-бірімен сәйкес келмейтін, өзара байланысты элементтердің күрделі жүйесі болып табылады. Ал ол бізге орын алған проблемаларды шешуге кедергі жасайды. Бұл экологиялық және жер мониторинг жүйесінің дұрыс атқарылмағандығы мен оның жоқтығын көрсетеді.

Жерді ұтымды пайдалану және жерді пайдалануды ғылыми қамтамасыз ету жүйесін дамыту қазіргі заманғы күрделі мәселе болып табылады.

Сонымен қатар осы сала үшін кәсіби кадрлардың жетіспеушілігі мен оларды дайындауда заманауи мәселе болып табылады [2].

Қазіргі уақытта елімізде жер қатынастарын реттеу мәселелерімен айналысатын бірде-бір мамандандырылған ғылыми мекеме жоқ. Ұтымды жерге орналастыру мен жер пайдалануды ұйымдастыру, және кейбір жоғарғы оқу орындарындағы бар бөлімшелер шағын және нашар жабдықталған.

Жалпы менің ойымша, бұл мәселелерді кешенді түрде іске асыру арқылы шешуге болады.

Ал енді соңғы уақыттағы, кадастр саласындағы заманауи мәселелерге келетін болсақ:

- o Ерекше қорғалатын аумақтар туралы ақпараттың болмауы;
- o Елді мекендердің және арнайы аймақтардың нақты шекаралары туралы геодезиялық және картометриялық мәліметтердің болмауы;
- o Кадастрлық қателер мен жылжымайтын объектілер туралы ақпараттағы қателер;
- o Қолданыстағы геодезиялық базаның сапасының төмен деңгейі;
- o Ескірген картографиялық материалдар;
- o Кадастрлық қызметтердің құны [3].

Жер мониторингі - бұл болып жатқан өзгерістерді уақытылы, дер кезінде анықтау, оларды бағалау, одан әрі дамуын болжау және кері әсері бар процестерді болдырмау мен оның зардаптарын жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында жүргізілетін жер қорының сапалық және мөлшерлік жай-күйін базалық (бастапқы), жедел, мерзімді байқау жүйесін білдіреді.

Жер мониторингінің объектісі Қазақстан Республикасының барлық жерлері болып табылады.

Жер мониторингі жерлердің және олардың жай-күйін сипаттау мен бағалаудың негізгі ақпарат көзі болып есептеледі. Ақпарат ретінде жер мониторингінің негізгі мәселелі жүйесі - бірінші кезекте жерлерде болып жатқан процестерді талдау [3].

Жер қорының жай-күйіндегі өзгерістерді анықтауға негіз ретінде өзінің ақпараттық базасы болған жағдайда ғана жер ресурстарының мониторингін тиімді жүзеге асыруға болады. Осы мәселені шешу үшін мониторингтің автоматтандырылған деректер банкі құрылууда. Бұл ақпараттық жүйе төменнен жоғарыға қарай яғни, аудандардан, облыстардан және республикалық деңгейге дейін мониторингтің әртүрлі бағыттарының

нәтижелеріне қарай – базалық, аумақтық желіде, аймақтық және жергілікті деңгейде қалыптастырылады [4].

Соңғы екі онжылдық ішінде әлемдік кадастрлық жүйелер техникалық прогрестің және ақпараттандыруды қоғамның әлеуметтік өмірінің барлық салаларына енгізу мақсатында жаңғыртылды және қайта құрылды. Осы кадастрлық жүйенің қайта құруларының болашақта күтілетін нәтижесіне келетін болсақ,

- o жер учаскесі туралы толық ақпаратқа жылдам әрі оңай қол жеткізуді,
- o жылжымайтын мүлік объектілеріне меншік құқықтарын қорғау мен оны тиімді іске асыруды,
- o салық салу үшін аумақты қамтитын кешенді база жасау мақсатында қарапайым және тиімді ақпараттық жүйе құру [5].

Сонымен қорытындылай келгенде, қазіргі заманғы жерге байланысты кадастр сондай-ақ жер мониторингінің бүгінгі күнге дейін туындаған негізгі проблемаларды көрсетеді.

Мақаланың негізгі мақсаты осы туындаған проблемалардың алдың алу мен оны қайта туындауын тоқтату болып табылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1 Bennett, Rohan Mark Land Administration As-A-Service: Relevance, Applications, and Models [Text]/ Bennett, Rohan Mark; Donovan, Jerome; Masli, Eryadi; Riekkinen, Kirsikka <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85146594351&origin=resultslist&sort=plf-f&src=s&sid=659d005ead1734b2810af3245ff6d0aa&sot=b&sdt=b&s=TITLE-ABS-KEY%28land++cadastre%29&sl=28&sessionSearchId=659d005ead1734b2810af3245ff6d0aa>

2 Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға - 2021.- Т.1, Ч.3 - С.234 – 236.

3 Варламов А.А. Земельный кадастр. Управление земельными ресурсами [Текст]: учеб. и учеб. пособия для вузов / под. ред. А. А. Варламов // - М. : КолосС, 2005. - 528 с.

4 Б.С. Оспанов, З.Д. Дюсенбеков Мониторинг земель в Республике Казахстан (состояние и перспективы развития) [Текст]: - Астана:ГосНПЦзем, 2001.-104 с. ISBN 5-7667-8011-6 [Электрондық ресурс]. -URL: [http://www.cawater-info.net/bk/land\\_law/files/ospanov-dyusenbekov.pdf](http://www.cawater-info.net/bk/land_law/files/ospanov-dyusenbekov.pdf)

5 Синица Ю. С. Анализ мировых земельных кадастровых систем [Текст]/ Имущественные отношения в РФ. 2014. -№10 (157). [Электрондық ресурс].

*Ғылыми жетекшісі: магистр ғылымы, аға оқытушы Капетова А.С.*

**УДК 332.334**

### **ГОСУДАРСТВЕННАЯ КАДАСТРОВАЯ ОЦЕНКА НЕДВИЖИМОСТИ В УСЛОВИЯХ РАЗВИТИЯ РЫНКА**

*Манатова Д., студент 2 курса  
- 4 Khadeejah A. Abdulsalam, John Adebisi, Michael Emezirinwune, Olubayo Badatunde An overview and multicriteria analysis of communication technologies for smart grid applications: // e-Prime - Advances in Electrical Engineering, Electronics and Energy: December, 2022 URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S2772671123000165>. (Дата обращения: 26.02.2023).

ӘОЖ 004.773.5

### NUR.KZ ПОРТАЛЫ НЕГІЗІНДЕ «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ «ИНТЕРНЕТ – КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА» ҚЫСҚАША ШОЛУ

*Морзевек Ж., 4 курс студенті*  
*Наурыз Қ.Ж., магистр, аға оқытушы (ғылыми жетекші)*  
*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті*  
*Астана қ.*


«Қазақтелеком» АҚ компаниясы (ары қарай Компания) Қазақстан Республикасындағы (ары қарай ҚР) ірі телекоммуникация саласының операторы болып табылады. 2000 жылдардың ортасынан бастап Компания ондаған миллиард теңгенің айналымымен елдің тұрақты, ең табысты кәсіпорындарының жылдық рейтингінде жоғары орын алып отыр. Компания, сонымен қатар Ұлттық ақпараттық супермагистральға иелік етеді. Аталған желі ҚР-ның үлкен қалалары (мегаполистер Астана, Алматы, Шымкент және барлық облыс орталықтары) арасындағы жоғары жылдамдықты ағынды деректерді тасымалдайтын цифрлы технологияға негізделген талшықты - оптикалық сақиналы топологиялы болып табылады. Компания ҚР –да тіркелген телефония операторы есебінде жақсы танылған көшбасшы, оның ішінде ауылдық жерлердегі байланыс қызметтерін көрсету бойынша жалғыз, дара оператор болып табылады. Компания Ұлттық деректерді тарату желісіне ие ең ірі операторларының бірі. Қазіргі таңда «Қазақтелеком» АҚ компаниясы тобы деп аталады, себебі компания құрамына көптеген еншілес мекемелер кіреді (сурет 1) [1].



Сурет 1. «Қазақтелеком» АҚ компаниясы тобының еншілес мекемелері

Компания басқарма төрағасы Қуанышбек Есекеев 2022 жылы тамыз – қыркүйек айлары аралығында (25.08.2022 ж. - 08.09.2022 ж.) NUR.KZ порталы негізінде кезекті алтыншы «Интернет – конференциясын» өткізді. Аталған іс-шара 3 жыл қатарынан ұдайы өтуде, алғашқысы Пандемия кезінде коронавирустық инфекциясының таралуына қатысты қолға алынған шектеу шараларының тұсында, 2020 жылдың көктемінде өтті. Содан бері интернет-диалог дәстүрлі форматқа айналып, 3 жылдың барысында өткізілген бес конференцияның әрқайсысы мың жарым адамнан кем емес аудитория жиналып, Басқарма басшысына тікелей сауалдар қойылды. Тұрғындардың сауалдарының көпшілігі компания қызметтеріне қосылу мүмкіндігіне, қызметтердің сапасына қатысты. Конференция барысында Компанияның құрылымдық бөлімшелерінде кездесетін бірқатар мәселелер анықталып, оларды шешуге мүмкіндік берілген [2].

NUR.KZ порталы базасында өткізілген соңғы алтыншы конференция жұмысын қысқаша бағаласақ, барлық диалогтар саны – 105, күндер бойынша диалогтар саны 2 – суретте берілген [3].



Сурет 2. NUR.KZ порталы базасында алтыншы конференциядағы диалогтар саны

Алтыншы интернет-конференциясының жетекшісі тақырыбы болып еліміздің тұрғындарының Компания қызметтеріне қосылу мүмкіндігі туралы болды. Сондай-ақ компания басшысының айтуынша алтыншы және алдыңғы бес онлайн-конференцияларда да барлық сұрақтардың ішінде ең үлкен үлеске қазіргі және әлеуетті клиенттерімен өткен диалогтар болды. «.....Біз ұсынатын қызметтердің сапасын арттыру үшін көп жұмыс атқарып жатырмыз және көптеген кедергілерді өз бетімізше анықтаймыз. Бірақ сонымен бірге бізге кері байланыс қажет, оның көмегімен біз тағы да көптеген мәселелерді көріп, жоя аламыз, біздің не істейтінімізді түсінеміз. Тұрғындардың біздің жұмысымыздың кейбір форматтары неліктен оларға сұрақтар немесе наразылық тудырды. Сондықтан мен сыни пікірлерін білдіріп, фактілермен растайтын NUR.KZ респонденттеріне алғыс айтамын - олар біздің қызметімізді жақсартуға шынымен көмектеседі» деп айтты Басқарма басшысы Қуанышбек Есекеев [4].

Жоғарыда Басқарма басшысы атап өткендей мұндай онлайн-конференциялар өткізу заман талабы, қажеттілік. Сондықтан телекоммуникациялық қызметтердің сапасын арттыруда септігін тигізетін құралдардың бірі. Төменде телекоммуникация қызметтерінің сапасы дегеніміз не, қандай міндеттері, сипаттамалары бар, қандай параметрлер кіреді, сол туралы қысқаша тоқталамыз.

Телекоммуникация қызметтерінің сапасы – пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігін сипаттайтын желінің жұмыс істеу сапасымен анықталатын қызмет қасиеттерінің жиынтығы. Телекоммуникация қызметтерінің сапасын қамтамасыз

ету байланыс желілерін жобалаудағы маңызды міндеттердің бірі болып табылады. ITU-T E.800, E.430, I.350 ұсыныстарына сәйкес телекоммуникациялық қызмет сапасының сипаттамаларын екі топқа бөлуге болады: қызмет көрсету сапасымен байланысты сипаттамалар (Қызмет көрсету сапасы, QoS (Quality of Service) және желі жұмысының сапасына қатысты сипаттамалар (Желінің өнімділігі, NP (Network Performance) [5].

Қызмет көрсету сапасы – пайдаланушының оған көрсетілетін қызметке қанағаттану дәрежесін анықтайтын көрсеткіштер жиынтығы. Қызмет көрсету сапасы қызметке кіру нүктесінде анықталады және пайдалану мүмкіндігі, қолжетімділік, тиімділік (қолжетімділік, үздіксіздік, тұтастық) және қызмет қауіпсіздігінің қасиеттерімен сипатталады. Өз кезегінде желінің жұмыс істеу сапасы қызмет көрсету сапасының негізі болып табылады және желінің абоненттер арасындағы байланысты қамтамасыз ететін функцияларды орындау мүмкіндігін анықтайды. Желінің жұмыс істеу сапасы трафикті өңдеу мүмкіндігімен, желі объектілерінің ресурстары мен мүмкіндіктерімен, сондай-ақ жіберудің сенімділігі мен сапасымен сипатталады [6, 5].

E.800 ұсынысында анықталған телекоммуникация қызметтерінің сапасының көптеген қасиеттерін сандық бағалау үшін сәйкес көрсеткіштер енгізілген. Сонымен бірге, халықаралық I.350 және әр елдің телекоммуникация саласындағы нормативті құжаттарына (ұсыныстарына) сәйкес қызметтің негізгі құрамдас бөліктері оны көрсетудің үш кезеңі болып табылады, оның сапасы қызметтің жалпы сапасын береді [5]:

- ақпаратты тасымалдауға қол жеткізу (байланыс орнату);
- пайдаланушы ақпаратын тарату;
- ақпаратты тарату сеансын тоқтату (ажырату).

Қызметтің әрбір бөлігі өз кезегінде үш негізгі көрсеткішпен сипатталады [7]:

- жылдамдық (қосылысты орнату уақыты, пайдаланушы ақпаратын тарату уақыты (жылдамдығы), пайдаланушы ақпаратын уақтылы жеткізу ықтималдығы және қосылысты ажырату уақыты);

- дәлдік (көрсетілген параметрлермен қосылысты орнату дәлдігі, пайдаланушы ақпаратын тарату дәлдігі, қате қосылысты ұйымдастыру ықтималдығымен сипатталатын қосылысты ажырату дәлдігі, пайдаланушы ақпаратындағы қателік ықтималдығы, қосылысты ажырату ықтималдығы және т.б.);

- кепілдік (қосылу орнатудан бас тарту ықтималдығымен, пайдаланушы ақпаратының жоғалу ықтималдығымен, қосылысты ажыратудан бас тарту ықтималдығымен және т.б. сипатталатын қосылысты орнату, деректерді тарату және ажырату сенімділігі).

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1 Открывая неограниченные возможности [Текст]: Интегрированный годовой отчет АО «Казахтелеком» - М., 2021.-165 с.

2 NUR.KZ-те «Қазақтелеком» басшысының кезекті интернет-конференциясы өтпек. [Қолжеткізім ресурсы]. <https://kaz.nur.kz/society/1984640-nurkz-te-qazaqtelekom-bassynyn-kezekti-internet-konferenciya-otpek/>. Қолданыстағы күні: 05.02.2023.

3 Ответы Председателя Правления АО «Казахтелеком» Куанышбека Есекеева. [Қолжеткізім ресурсы]. <https://special.nur.kz/kt-online-autumn-2022>. Қолданыстағы күні: 15.02.2023.

4 Глава «Казахтелеком» Куанышбек Есекеев подвел итоги шестой интернет-конференции на NUR.KZ. [Қолжеткізім ресурсы]. <https://www.nur.kz/technologies/business/1987672-glava-kazahtelekom-kuanyshbek-esekeev-podvel-itogi-shestoy-internet-konferentsii-na-nurkz/>. Қолданыстағы күні: 17.02.2023.

5 Основы теории мобильной и беспроводной связи. [Қолжеткізім ресурсы]. <https://siblec.ru/telekommunikatsii/osnovy-teorii-mobilnoj-i-besprovodnoj-svyazi/4-metodikamnogokriterialnogo-proektirovaniya-besprovodnykh-setej-svyazi/4-3-kachestvo->

telekommunikatsionnykh-uslug-sostav-i-vzaimosvyaz-pokazatelej-kachestva-obsluzhivaniya. Қолданыстағы күні: 20.02.2023.

6 Sari I. et al. The Effect of Usability, Information Quality, and Service Interaction on E-Loyalty Mediated by E-Satisfaction on Hallobumil Application Users [Text] //KnE Social Sciences. – 2023. – С. 211–230-211–230.

7 Туманбаева К.Х. Качество обслуживания в телекоммуникационных сетях [Текст] Учебное пособие/ К.Х. Туманбаева. Алматы: АУЭС, 2013. – 80 с.

## ӘОЖ 004.7

### ЗАМАНАУИ КӨЛІКТІК ЛОГИСТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҚТАРДЫ ЖАБДЫҚТАУДЫҢ ИНФОКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНА ШОЛУ

*Сайлаубекова Ә., 3 курс студенті  
Наурыз Қ.Ж., аға оқытушы (ғылыми жетекші)  
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті  
Астана қаласы*

Көлік-логистика орталығы (бұдан әрі - КЛЮ) бұл құрылыстар орналастырылған арнайы бөлінген учаскені қамтитын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кедендік және өзге де операцияларды қоса алғанда, тасымалдаумен қатар жүргізілетін, жүктермен және көлік құралдарымен жасалатын дайындау, бөлу және қорытындылау технологиялық операцияларын орындауға, оның ішінде қарап-тексеруге арналған көлік инфрақұрылымы объектісі болып табылады [1].


Инфокоммуникациялық технологиялар - барлық заманауи коммерциялық ұйымдардың қазіргі кездегі қажетті құралы болып есептеледі. Инфокоммуникациялық технологиялар - бұл ақпараттық технологияларға арналған кеңейтілген термин, ол бірыңғай байланыс пен телекоммуникация және компьютерлерді, сондай-ақ өзіне керекті корпоративті бағдарламалық, аралық бағдарламалық жасақтамаларды біріктіріп, ақпаратты сақтауды және пайдаланушыларға манипуляция (сақтау, тарату, түсіну) жасауға мүмкіндік береді [2].

Инфокоммуникациялық технологиялар қазіргі уақытта көлік-логистика саласында жаңғыртуда негізгі құралдар болып табылады. Заманауи ақпараттық жүйелер өзара әрекеттесудің барлық қатысушылары үшін бірыңғай ақпараттық кеңістік құрумен сипатталады. Қазақстан аумағының кеңдігін және елдің ең шалғай аймақтары мен нүктелерін көлік қызметтерімен қамтуды ескере отырып, бұл сала ең аумақты болып табылады. Осы себепті көлік инфрақұрылымының басты ерекшелігі оның жоғары технологиялық тәуелділігі болып табылады [1].

Көлік саласының ерекшелігі - бір-бірінен өте алыс қашықтық арасында үнемі ақпарат алмасу қажеттілігі. Бұл жаңа желілік жабдықты, деректерді тарату технологияларын пайдаланудың керек екенін көрсетеді. Бұл салада деректерді алыс қашықтыққа берудің сенімділігіне және деректерді сырттан «кіруден» қорғауға қойылатын талаптардың жоғарылауының қажет екенін көрсетіп тұр. Себебі деректер алмасу әр түрлі серверлік жабдықтарды (x86 және RISC архитектуралық серверлері), әр түрлі операциялық жүйелерді (Microsoft Window Server, IBM AIX, Linux Red Hat, Linux Ubuntu, IBM i, i5/OS, OS/400, z/OS, z/TPF, Z/VM & z/VSE, HP-UX, SunOS, Solaris, UNIX тобының басқа операциялық жүйелері), әртүрлі деректер алмасу хаттамаларын (iSCSI, Fiber Channel, InfiniBand) қажет етеді. Өнеркәсіпте қолданылатын жабдықтардың ауқымы өте кең: бір Intel Xeon процессоры немесе AMD Opteron x86 архитектуралық процессорлы сервер-

лерден және басқарылмайтын қосқыштардан бастап, модульдік жүйелерге және hi-end деңгейіндегі сақтау массивтеріне негізделген жоғары есептеу тығыздығы бар қуатты DCD-ге дейін. Саланың ең ірі компаниялары негізгі деңгейдегі серверлік шешімдерді қолданады [3].

Бүгінгі таңда экономиканы цифрландыру аясында логистикалық қызметтер нарығында шығындарды оңтайландыруға және логистикалық деңгейді арттыруға мүмкіндік беретін көптеген цифрлық технологиялар бар, солардың қатары 1-суретте көрсетілген. Логистикадағы инновациялық процестер клиенттер мен тасымалдаушылар, тауарлар мен қызметтер туралы ақпаратқа жылдам қол жетімділіктің арқасында жүк тасымалының тиімділігін арттыруға ықпал етеді [4].



Сурет 1. Логистикалық процестердің цифрлық технологиялары

Қазіргі уақытта көліктік логистикалық операторлардың табысты бизнесі қазіргі заманғы кеңсе техникасынсыз, мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етусіз, жүктерді есепке алу мен бақылаудың автоматтандырылған жүйелерінсіз, сондай-ақ тиісті телекоммуникациялық қолдаусыз мүмкін емес. Телекоммуникациялық платформа операторға логистикалық тізбектің барлық буындарының жұмысын үйлестіруге, сондай-ақ тиісті ақпаратты жинауға, талдауға және сақтауға техникалық негіз береді. Логистикалық тізбекке стационарлық қондырғылар (қоймалар, кеңселер, терминалдар және т.б.) және көлік құралдары кіреді [2].

Тауарды өндірушіден тұтынушыға жеткізу процесінде көлік құралдарын басқару мәселесін шешу қажеттілігі туындайды. Көлік логистикасында әртүрлі стационарлық нысандар арасында, стационарлық нысандар мен көлік құралдары арасында, сондай-ақ жалпы логистикалық тапсырманы орындайтын бірнеше көлік құралдары арасында телекоммуникациялық өзара әрекеттесуді ұйымдастыру қажет. Автомобиль көлігін пайдалана отырып, көлік логистикасын телекоммуникациялық қолдаудың ерекшеліктеріне тоқтала кету керек. Жеке корпоративтік желіні құру, сондай-ақ спутниктік және радиорелелік байланысты қолдану - логистикалық компаниялардың көпшілігі жасай алмайтын әрекеттер. Сондықтан қазіргі уақытта қолдануға болатын байланыс құралдарын қарастырған жөн [3].

Логистикалық компанияның стационарлық объектілерін бір-бірімен байланысын бір немесе бірнеше техникалық құралдардың (телефонның, факс аппаратының және компьютердің (электрондық пошта)) көмегімен жүзеге асыруға болады. Әдетте, бұл нысандар телекоммуникациялық инфрақұрылымы дамыған аудандардан алыс орналасқан,

бұл байланыс құралдарын таңдауға қатысты белгілі бір шектеулердің пайда болуына әкеледі. Ақпаратты жоғары жылдамдықпен тарату, жүкті алып жүретін экспедиторға корпоративті логистикалық ақпаратқа қауіпсіз қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін қажет. Көлік құралына суреттерді (кескіндерді) аудару логистикалық диспетчерге жүргізушіге схема (сұлба) түрінде ұсынылған қозғалыс маршрутының өзгеруі туралы мәліметтерді жеткізу, объектіге кіру тәсілдерін нақтылау және т. б. міндеттерін едәуір жеңілдетеді [4].

Егер логистикалық компанияның стационарлық объектілері мен Интернетке кіру торабы арасындағы қашықтық аз болса, сымсыз қолжеткізімді ұйымдастырудың тамаша тәсілі - бұл «көпір» жабдығы. Бұл байланыс қамтамасыз етілуі керек жерлерде орнатылған инфрақызыл трансиверлер. Ол нүктелер арасындағы қашықтық екі шақырымнан аспауы керек. Алты трансивердің көмегімен құрылған байланыс желісінің жалпы ұзындығы алты шақырымды құрайды. Желінің соңында трансиверлер бір жағынан интернет-провайдердің жабдықтарына, екінші жағынан компанияның жергілікті компьютерлік желісіне қосылады. Бұл шешімнің оң сипаттамалары [5]:

- талшықты - оптикалық байланыс жолы (ТОБЖ) жылдамдығына сәйкес келетін деректерді таратудың жоғары жылдамдығы (4 Гбит/с дейін);

- жабдықты орналастыру және пайдалану процестерін қандай да бір құрылымдармен үйлестіру талап етілмейді;

- жүйе оңай құрылады, бұл кез-келген телефония мен факстың жұмысын қамтамасыз етуге, сондай-ақ кескіндерді жіберуге мүмкіндік береді.

Осылайша, қазіргі заманғы телекоммуникация нарығы электрондық поштаның жұмысын ұйымдастыруға және Интернетке қолжеткізімді қамтамасыз етуге арналған құралдардың толық жиынтығын ұсынады. Ақпаратты жинау, талдау және сақтау үшін стационарлық нысандарда жұмыс істейтін қызметкерлердің жеке жұмыс орындары жергілікті компьютерлік желі арқылы қосылады. Мұндай желіні кабельдік немесе сымсыз инфрақұрылым негізінде құруға болады, мысалы [6]:

- 1) Соңғы жағдайда WLAN (сымсыз жергілікті есептеу желісі) технологиясын қолданған жөн. Оның негізгі артықшылықтары - қызмет көрсету аймағындағы терминалдардың ұтқырлығы, желінің конфигурациясын өзгертудің қарапайымдылығы және деректерді таратудың қажетті жылдамдығы (54 Мбит/с дейін).

- 2) Егер стационарлық объектілерді телекоммуникациялық қамтамасыз ету байланыс жүйесін ұйымдастырудың нұсқаларының бірін іске асыру негізінде жүрсе, онда бұл объектілердің жылжымалы құраммен байланысын қамтамасыз ету тәсілдерін таңдау аз болады. Көптеген логистикалық операторлар осы мақсатта GSM стандартындағы барлық ұялы телефондарды пайдаланады, кез-келген ұялы телефонды да қолдануға болады. Бұл стандартты халықаралық және қалааралық тасымалдау кезінде қабылдаған жөн. Байланысты ұйымдастырудың бұл әдісінің негізгі кемшілігі - аумақтың мәселелік учаскелерінің (бөлімшелердің) болуы. Бұл жағдайда байланыс орнату мүмкіндігі азаяды.

- 4) Қазіргі уақытта кейбір компаниялар GSM желісі арқылы GPS (жаһандық навигациялық жүйе) жүйесімен алынған көлік құралдарының орналасқан жері туралы ақпаратты тарату жабдықтары мен қызметтерін ұсынады. Ол үшін GPRS модемі болып табылатын smart-контроллер қолданылады, оған сәйкес көлік құралының орналасқан жері туралы ақпарат деректер жинау орталығына (data-орталық) таратылады.

- 5) Стационарлық объектілер арасындағы байланыс жүйесінде IP - телефонияны енгізу перспективалы болып табылады. Қазіргі заманғы телефон станцияларын қолдану тапсырыс берушіге келесі түбегейлі жаңа мүмкіндіктерді іске асыруға мүмкіндік береді:

- корпоративтік Интернетке қол жеткізуді басқару;
- абоненттердің ішкі жұмыс топтарын құру;
- кіріс қоңырауларды сүзу;
- қалааралық трафикті есепке алу;



- операторлық орталықтың есеп беру жүйесін ұйымдастыру;
- интерактивті сөйлеу жауабы функциясын іске асыру;
- бірнеше ондаған интеркомдарға қызмет көрсету.

б) TETRA абоненттік терминалдарын көлік құралдарында пайдалану логистикалық компанияның стационарлық объектілері мен желіге қызмет көрсету аймағы шегінде көлік құралдары арасында аудио, навигациялық және басқа ақпаратты беруді ұйымдастыруға, қозғалыс маршрутының кез-келген нүктесінде олардың қозғалысы кезінде автомобильдер арасындағы топтық байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Көлік және логистикалық инфрақұрылым саласындағы цифрлық трансформацияның құндылығы мен өзектілігіне 2020 жылғы оқиға әсер етті. Пандемиядан туындаған экономикалық және әлеуметтік шектеулер инновациялық басқару модельдеріне, цифрлық қызметтер мен платформаларға көшуге түрткі болды. Көлік логистикасы жақын арада инновациялық бизнес - модельдерді, цифрлық платформалар мен сервистерді енгізуге байланысты ғаламдық зияткерлік жүйе болады, онда ақпарат анықтаушы буын болады деген қорытынды жасауға болады. Мұндай жүйеде объектілердің қозғалысын жасанды интеллект басқарады және бақылайды, алгоритмдер мен бағдарламалық жасақтаманы қолдана отырып шешімдерді жасанды интеллект қабылдайды. Осылайша, көлік саласын толық цифрландыру жүзеге асырылады [3, 6].

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1 Көлік-логистика орталықтарын жайластыру және техникалық жарақтандыру жөніндегі үлгілік талаптарды бекіту туралы. [Электронды ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011694>. (Қолданыстағы күні:14.02.23.).

2 Информационно - коммуникационные технологии. [Электронды ресурс]. URL: [https://en.wikipedia.org/wiki/Information\\_and\\_communications\\_technology](https://en.wikipedia.org/wiki/Information_and_communications_technology). (Қолданыстағы күні:16.02.23.).

3 IT-технологии в транспорте и логистике. [Электронды ресурс]. URL: [https://www.karma-group.ru/transport\\_logistic/](https://www.karma-group.ru/transport_logistic/). (Қолданыстағы күні:19.02.23.).

4 Горишняя А.А. Цифровые технологии в транспортной логистике. [Электронды ресурс]. URL: <file:///C:/Users/987/Downloads/tsifrovye-tehnologii-v-transportnoy-logistike.pdf>. (Қолданыстағы күні:24.02.23.).

5 Chiu Y. C. et al. Cost-effective strategies for communication with remote surveillance stations [Text]. – Center for Transportation Research, University of Texas at Austin, 2005. – №. FHWA/TX-05/0-4449-1.

6 Телекоммуникационная поддержка логистических компаний. [Электронды ресурс]. URL: [https://www.lobanov-logist.ru/library/all\\_articles/54539/](https://www.lobanov-logist.ru/library/all_articles/54539/). (Қолданыстағы күні:28.02.23.).

**ПОШТА САЛАСЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ (ІОТ ЖӘНЕ SD-WAN МЫСАЛЫНДА)**

*Сапарғалиева А., 4 курс студенті*

*Амандықова А., 4 курс студенті*

*Наурыз Қ.Ж., магистр, аға оқытушы (ғылыми жетекші)*

*Сериков Т.Г., PhD, қауымдастырылған профессор (ғылыми жетекші)*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті*

*Астана қ.*

«Қазпошта» АҚ (ары қарай Компания) - кеңестік кезеңнен кейінгі серпінді дамып келе жатқан компаниялардың бірі, Қазақстан Республикасының (ары қарай ҚР) бүкіл аумағын қамтитын, қалалар мен ауылды аймақтарда пошталық, қаржылық және логистикалық сапалы толық қызметтер көрсететін, Қазақстан Республикасының пошта байланысының ұлттық операторы [1].

Компания еліміздің егемендік алған күнінен бастап көптеген күрделі қайта құрылымдау сатыларынан өтті, алғашқысына электр байланысынан дербес бөлініп кетуін атауымызға болады. Ашық Интернет ақпаратына жүгінетін болсақ Компания пошта саласына жаңа технологияларды ендіру бойынша басқа да қаржы, логистика салаларында жұмыс істеп жатқан мекемелерден қалыс қалып отырған жоқ. Төмендегі 1-кестеде жаңа технологияларды ендіру бойынша қысқаша деректер берілген [2].

Кесте 1 - Жаңа технологияларды ендірілуі бойынша қысқаша деректер

Мерзімі	Технологиялардың атауы	Ескерту
2013 ж.	Мобильные төлем терминалдары	Үлкен бөлімшелерінде
2014 ж.	GPS бақылау сенсорларын орнату	көліктерге GPS бақылау сенсорларын орнату жобасы
2014 ж.	Автоматты сұрыптау желісі	Хат-хабарларды сұрыптау жүйесінде
02.10.2015 ж.	Telegram ботты қолдану	Пайдаланушылар пошта жөнелтілімдері, валюта бағамдары және ЖКЕ ережелерін бұзғаны үшін қол жетімді айыппұлдар туралы ақпаратты біле алады
15.09.2017 ж.	Ұшқышсыз ұшатын аппараттың (дронның) алғашқы ұшырылымы	Хат-хабарларды дрондармен жеткізу
05.05.2018 ж.	Дрондардың паркін кеңейту	Хат-хабарларды дрондармен жеткізу
25.10.2020 ж.	SMS-хабарламаларды қайта ендірді	Шет мемлекеттерден тапсырыс алған клиенттерге
15.11.2021 ж.	«Қазпошта» мен «Қазақтелеком» әріптестік жайлы ынтымақтастығы	Телемедицина және Интернет Заттар

Компанияда бизнес - процестерді тиімдендіру мақсатында көптеген жұмыстар атқарылуда. Мысалы трансформация бағдарламасы аясында процестерді оңтайландыру бойынша бірқатар жобаларды жүзеге асыруда. Солардың бірі - үнемді өндіріс жүйесі. Ұлттық пошта операторы сұрыптау орталықтарының қызметіне LEAN мәдениетін қолдануды енгізді. Соның арқасында сұрыптау орталықтарының жұмысы тиімді бола түсті. Алдын ала нәтижелер бойынша, осы жүйені енгізудің арқасында орталықтар ішінде әртүрлі бөлімдерді орналастыру қайта қаралды, пошта жөнелтілімдерін сұрыптау операциялары автоматтандырылды, тасымалдау барынша азайтылды және ысыраптар жойылды. Үнемді өндіріс қалдықтардың барлық түрін жоюға тұрақты ұмтылуға негізделген өндірістік кәсіпорынды басқару тұжырымдамасы. Үнемді өндіріс бизнесті оңтайландыру және тұтынушыға барынша бағдарлану процесіне әрбір қызметкерді тартуды көздейді [3].

1-кестеден көріп отырғанымыздай, «Қазпошта» АҚ «Қазақтелеком» АҚ-мен бірлесе телемедицина және Интернет Заттар технологиялары бойынша жұмыстар атқаратындығын жариялады. «Қазақтелеком» АҚ «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінде IoT (The Internet of Things) элементтерін енгізуді жоспарлап отыр. Атап айтқанда, электр энергиясын тұтынуды, өрт қауіпсіздігі жүйесін, температураны бақылауды, жеке бөлмелердегі микроклиматты және т.б. бақылайтын сенсорлар орнатылады. Мұның бәрі қаржылық шығындарды оңтайландыруға және әртүрлі апаттар мен төтенше жағдайлардың қаупін азайтуға көмектеседі. Сонымен қатар, «Қазпошта» АҚ орталықтандырылған қадағалау пункті пайда болады, ол ішкі инфрақұрылымның жай-күйін онлайн бақылауға және күтпеген жағдайлар туындаған жағдайда жедел әрекет етуге мүмкіндік береді. Ынтымақтастықтың тағы бір саласы телемедицина болмақ. Пошта қызметкерлері Imedicus онлайн медициналық кеңес беру қызметіне қосылатын болады. Сондай-ақ компаниялар «Қазақтелеком ТВ+» мультимедиялық платформасы үшін жаңа сату арналарын әзірлеуді жоспарлап отыр. Енді бұл қызметке Қазпошта операторлары арқылы қосылуға болады [4].

Жоғарыда айтылған IoT (Интернет Заттар) технологиясына тоқталсақ Қазақстанда Интернет Заттардың ұлттық стандарты әзірленді және ашық ақпарат құралдарында 2023 жылдың 1 наурызынан бастап күшіне енеді деп айтылады. Сарапшылар NB-IoT стандарты «ұзақ қашықтықтағы смарт құрылғылардың энергиялық тиімді желісін» құруға мүмкіндік беретінін атап өтеді. Бұл деректерді тарату хаттамасы әртүрлі салалардағы компаниялар мен ұйымдар үшін ең қолайлы шешім болып табылады. Оның көмегімен тұрғындар коммуналдық есептегіштерді, жабдық контроллерін, объектілерді бақылау жүйелерін, медициналық сенсорларды және басқа да көптеген құрылғыларды оператор желісіне қосуға болады. NB-IoT желісіне қосылған құрылғылар басқарылатын объектілерден деректерді 100% тасымалдауға жететін жоғары байланыс тұрақтылығына ие. Бұл NB-IoT лицензияланған жиілік диапазонында жұмыс істеуімен, сондай-ақ желіні тәулік бойы бақылау және оператордың техникалық қолдауымен қамтамасыз етіледі. Аталған стандартты құрастыруда «Beeline Казахстан» компаниясы түрткі болды және әзірлеушісі деп айтуымызға болады [5].

IoT тұжырымдамасы арқылы материалдық әлемнің объектілерін біріктіру ғана емес, Интернет арқылы олардың арасында ақпарат алмасу, сонымен қатар жинақтау қабілетін дамыту, қала кеңістігіндегі, үйдегі және жұмыстағы адамдардың мінез-құлқы туралы әртүрлі ақпаратты құрылымдау және талдауға мүмкіндік береді. Давос форумына дайындалған шолуға сәйкес, Интернет Заттар мобильді интернет, бұлтты технологиялар, Big Data, жаңартылатын энергия көздері саласындағы жаңа материалдар мен технологиялар, краудсорсинг және тең дәрежелі платформалармен қатар төртінші өнеркәсіптік революцияның үздік 5 технологиялық драйверіне кіреді [6].

IoT дамуының алғы шарттары жеке технологиялық жобаларды (ақылды үй, қалалық көлікті автономды басқару жүйелері, жеке сатып алу сенсорлары, адам жағдайының

физикалық күйін бақылауға арналған қосымшалар және т.б.) іске асыру түрінде, әртүрлі объектілерді бір-бірімен байланыстыруға мүмкіндік беретіндігі бойынша бұрыннан қаланды. Белгілі бір уақытқа дейін бұл жобалар әртүрлі салаларда (қалалық басқару, денсаулық сақтау, білім беру, коммерциялық қызмет және т.б.) қатар дамыды. Инфрақұрылымның даму деңгейі мен қолданыстағы желілердің қуаттылығы оларды біріктіруге, бірыңғай желі құруға мүмкіндік бермеді, яғни адамның араласуынсыз тек ғана деректерді жинау емес, оны бір құрылғыдан екінші құрылғыға тасымалдауға арналған инфрақұрылым құру мүмкіндігі болмады. Өзін-өзі ұйымдастыратын желілер мен биоұқсас алгоритмдерді пайдалана отырып, Интернет Заттар (IoT) тұжырымдамасын жүзеге асыру ғана триллион клиенттік базасы бар ақпарат алмасу желілерін ұйымдастыруға мүмкіндік берді [7].

SD-WAN (Software Defined Wide Area Network) (Қолданбалылар арқылы анықталған кең аймақтық желі) – географиялық бөлінген корпоративтік желіні басқарудың принципті жаңа тәсілі. Технология қаржы институттары, бөлшек сауда, өнеркәсіптік және тау-кен өнеркәсібі кәсіпорындары мен филиалдары көп басқа компанияларды қызықтырады. SD-WAN шешімі қолданбалардың жылдамдығы мен сапасын жоғалтпай, жеке желіні автоматты түрде қалыптастыруды және ақпаратты қолжетімді байланыс арналарының барлық түрлері бойынша тасымалдауды қамтиды. Мысалы, бұрын дауысты немесе бейнені ақаусыз жіберу үшін тек қымбат VPN арнасы ғана пайдаланылды. Енді SD-WAN көмегімен сақтық көшірме ретінде тек Интернет арнасын және LTE-ді пайдалануға болады. Осылайша, тұтынушылар байланыс операторларынан төлемдерді үнемдей алады және VPN арналарын брондау мәселесін қарапайым және арзан жолмен шеше алады [8].

Желі құрудың SD-WAN жаңа принципі «Қазпошта» АҚ – ның құрылымына сәйкес келеді, себебі компанияның бөлімшесі барлық ауылдарда бар десек болады. Бүгінгі таңда «Қазпошта» АҚ-ның 3800 филиалы бар, шағын және орта бизнес өкілдерімен кооперация арқылы 430 бөлімше ашылды. 339 кәсіпкер «Қазпоштамен» бірлесіп, республика бойынша сауда нүктелерін ашты. Олар сәлемдемелерді қабылдау және беру үшін ғана жұмыс істемейді, сонымен қатар қаржылық қызмет көрсетеді [9].

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Компания туралы. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.kazpost.kz/kk/pages/about?id=activity>. Қолданыстағы күні: 05.02.2023.
2. «PROFIT Online» ресми сайты. URL: <https://profit.kz/search/?text=%25d0%259a%25d0%25b0%25d0%25b7%25d0%25bf%25d0%25be%25d1%2587%25d1%2582%25d0%25b0&p=3>. Қолданыстағы күні: 09.02.2023.
3. Nazerke Labihan. «Казпочта» начала использование технологий бережливого производства. [Электронды ресурс]. URL: <https://ru.qamshy.kz/article/43825-kazpochta-nachala-ispolzovanie-tekhnologiy-beredglivogo-proizvodstva>. Қолданыстағы күні: 12.02.2023.
4. Казпочта и Казахтелеком будут сотрудничать в области телемедицины и интернета вещей. [Электронды ресурс]. URL: <https://profit.kz/news/62067/Kazpochta-i-Kazahtelekom-budut-sotrudnichat-v-oblasti-telemedicini-i-interneta-veschej/>. Қолданыстағы күні: 15.02.2023.
5. В Казахстане разработан нацстандарт Интернета вещей. [Электронды ресурс]. URL: <https://profit.kz/news/64325/V-Kazahstane-razrabotan-nacstandart-Interneta-veschej/>. Қолданыстағы күні: 19.02.2023.
6. The Future of Jobs. Employment, Skills and Workforce strategy for The Fourth Industrial Revolution: report [Электронды ресурс]. 2016. January. URL: [http://www3.weforum.org/docs/WEF\\_Future\\_of\\_Jobs.pdf](http://www3.weforum.org/docs/WEF_Future_of_Jobs.pdf). (Қолданыстағы күні: 20.02.2023).
7. Маркеева А.В. Интернет вещей (IoT): возможности и угрозы для современных организаций [Текст] // Общество: социология, психология, педагогика. 2016. №2. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/internet-veschey-iot-vozmozhnosti-i-ugrozy-dlya-sovremennyh-organizatsiy> (дата обращения: 25.03.2023).

8. SD-WAN Software Defined. Программно-определяемая WAN-сеть. [Электронды ресурс]. URL: [https://www.tadviser.ru/index.php/%D0%A1%D1%82%D0%B0%D1%82%D1%8C%D1%8F:SD-WAN\\_\(Software\\_Defined\)\\_%D0%9F%D1%80%D0%BE%D0%B3%D1%80%D0%B0%D0%BC%D0%BC%D0%BD%D0%BE-%D0%BE%D0%BF%D1%80%D0%B5%D0%B4%D0%B5%D0%BB%D1%8F%D0%B5%D0%BC%D0%B0%D1%8F\\_WAN-%D1%81%D0%B5%D1%82%D1%8C](https://www.tadviser.ru/index.php/%D0%A1%D1%82%D0%B0%D1%82%D1%8C%D1%8F:SD-WAN_(Software_Defined)_%D0%9F%D1%80%D0%BE%D0%B3%D1%80%D0%B0%D0%BC%D0%BC%D0%BD%D0%BE-%D0%BE%D0%BF%D1%80%D0%B5%D0%B4%D0%B5%D0%BB%D1%8F%D0%B5%D0%BC%D0%B0%D1%8F_WAN-%D1%81%D0%B5%D1%82%D1%8C). (Қолданыстағы күні: 27.02.2023).

9. Почтовая связь. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/m dai/activities/1345?lang=ru&parentId=4>. (Қолданыстағы күні: 28.02.2023).

**ӘОЖ 004.73**

## **ҚАРАСТЫРЫЛЫП ОТЫРҒАН БӨЛІМШЕДЕ ТОБЖ ЖОБАЛАУ ҚАЖЕТТІЛІГІН МАҢЫЗДАНДЫРУ**

*Сергей Е., 4 курс студенті*

*Наурыз Қ.Ж., магистр, аға оқытушы (ғылыми жетекші)*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті*

*Астана қ.*

«Алтын Алмас ҰК» АҚ - «Қазақтелеком» АҚ «Шортанды желілік - техникалық цехы» бөлімшесінде ТОбЖ жобалау» деп бітіру жұмысында қарастырылып отырған бөлімшеде ТОбЖ жобалау қажеттілігін маңыздандыру негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

«Алтын Алмас» АҚ - толық геологиялық, тау-кен өндіру және алтын өңдеу циклдерін жүргізетін ірі компания болып табылады. Компанияға Қазақстанның құрамында алтын бар кенді өндіретін 9 кен орындары тиесілі. Компания төрт өңірінде кен өндірумен айналысады: Жамбыл, Қарағанды, Абай және Ақмола облыстары. Пайдалы қазбалар «Ақбақай», «Долинное», «Ақсу» алтын өндіру зауыттарында, «Пустинное» байыту фабрикасында және «Алтыналмас Technology» бағалы металдарды өндіру зауытында өңделеді. Бүгінгі күні компания штатында 10 000 - нан астам жоғары білікті жұмысшылар жұмыс істейді. Сонымен қатар, өндіріс процесіне (үрдісінде) 120-дан астам тау-кен техникасы жұмылдырылған. Бас офис Алматы қаласында орналасқан [1].

Бітіру жұмысында қарастырылып отырған «Алтын Алмас ҰК» АҚ-ның Ақмола облысы Шортанды ауданында орналасқан құрылымдық бөлімі Жолымбет елді мекеніне жақын орналасқан. Жолымбет кен орны Ақсу-Жолымбет құрылымдық - металлгендік аймағының оңтүстік бөлігіндегі Селеті - Степняк мегасинклинорийінің оңтүстік-шығыс тұйық жағында орналасқан. Жолымбет кен орны 3 учаскені (бөлімшені) (Орталық, Оңтүстік, Солтүстік) және алтын-кварцты түзілістің бірқатар жерін қамтиды. Учаскелер Степняк типті интрузиялардың эндо және экзоконтакт бөліктерінде (Орталық және Оңтүстік) және Қырыққұдық массивінің жоғарғы жағында (Солтүстік) жатыр. Алтын өндіру зауыты Жолымбет кен орнының Орталық учаскесінің (№6 карьер, Орталық шахта) кендерін өңдеуге арналған. Төмендегі 1-суретте компанияның диспетчерлік бекеті мен операторлық жұмыс орнынан көрініс бейнеленген [2, 1].



Сурет 1. Жолымбет кен орнының диспетчерлік бекеті мен операторлық жұмыс орны

Жолымбет елді мекені аудан орталығы Ақмола облысындағы аудан орталығы болып табылатын Шортанды ауылынан шығысқа қарай 49 км-дей жерде Ащылы-Айрық өзеннің оң жағалауында орналасқан [2].

Жолымбет елді мекені халқының көпшілігі жұмыс істейтін аталған мекеме 2021 жылы толық модернизациядан өтті, 2022 жылдың өзінде жаңа 75 жұмыс орны ашылды. «Алтыналмас Technology» ЖШС болып табылатын «Алтын Алмас ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшесі фабрикасы заманауи жабдықталған, қауіпсіз өндірістің барлық нормалары мен стандарттарына сай жұмыс істейтін өндіріс орны болып табылады. Сонымен қатар, «Алтын Алмас ҰК» АҚ барлық құрылымдық бөлімшелерінде 2017 жылдан бері «Цифрлық кеніш» жобасы іске қосылды. Жобаның мақсаты өндірістегі үрдістерді автоматтандыру және бизнес-үрдістерді цифрландыру болып табылады [3].

Аталған жұмыстарды іске асыруда жоғары жылдамдықты, заманауи телекоммуникациялық желілер мен жүйелердің алатын орны зор. Мұндай мүмкіншілікті қазіргі таңда оптикалық кабельдер мен жүйелерге негізделген телекоммуникациялық желі ғана бере алады. Оптикалық кабельдердің ағымдағы радиожолдарға қарағанда көптеген артықшылықтары бар, атап айтсақ: кенжолақтылығы, жоғары жылдамдығы, ақпараттың қорғалғандығы, жұмысқа пайдалану шарттарының қарапайымдылығы, энергияны аз тұтынуы, электрлік қысқа тұйықталудың болмауы, сигналдың төмен өшуі және т.б. [4]

Оптикалық кабель (ОК) - бүгінгі күні барлық жағынан ақпаратты тарату саласындағы көшбасшы болып табылады. ОК үлкен капиталдық салымдарды қажет етеді, бірақ жұмысқа пайдалану жағынан үнемді, экономикалық тиімді болып табылады. Тәжірибе көрсеткендей, ОК – ге негізделген тарату жүйелері трафикті ұлғайту үшін шексіз мүмкіндіктер ие және еліміз қойған барлық мәселелерді шешу бойынша ақпараттық қоғам құруда да қабілетті [5]

ТОБЖ негізделген дербес транспорттық желі жобалау операторларға деген тәуелділікті азайтуға мүмкіндік беріп, арналарды жалға алуға кететін шығындарды азайтуға жол ашды. «Алтын Алмас ҰК» АҚ – ғы «Цифрлық кеніш» жобасының сапалы жұмыс істеуіне де кепілдік береді. Сонымен қатар, болашақта «Алтын Алмас ҰК» АҚ - на еліміздің әр өңірінде орналасқан құрылымдық бөлімшелері арасында корпоративті желі құруға да мүмкіндік береді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 «Алтын Алмас» АҚ-ның ресми сайты. [Қолжеткізім ресурсы]: <https://www.altynalmas.kz/>. Қолданыстағы күні: 25.02.2023.

2 Жолымбет [Қолжеткізім ресурсы]: <https://www.komandirovka.ru/cities/zholymbet/>. Қолданыстағы күні: 25.02.2023.

3 Жолымбеттегі жаңартылған фабрикада алғашқы жүз килограмм алтын шығарылды. [Қолжеткізім ресурсы]: <https://ortcom.kz/kk/novosti/1662354925>. Қолданыстағы күні: 25.02.2023.

4 Paolo Minzioni, Cosimo Lacava, Takasumi Tanabe, Jianji Dong<sup>4</sup>, Xiaoyong Hu, Gyorgy Csaba<sup>6</sup>, Wolfgang Porod, Ghanshyam Singh, Alan E Willner, Ahmed Almainan Roadmap on all-optical processing [Text]/Published 17 May 2019 • © 2019 IOP Publishing Ltd. Journal of Optics, Volume 21, Number 6. DOI 10.1088/2040-8986/ab0e66.

5 Баянов Ж. Ж., Жаксыбаева Д.К., Наурыз К.Ж. Выбор среды передачи и оборудования [Текст]. Молодой исследователь: вызовы и перспективы. сб. ст. по материалам XXXVI междунар. заочной науч.- практ. конф. - № 11 (36). - М., Изд. «Интернаука», Россия. - 2017. С. 405 - 408.

## МАЗМҰНЫ

Секция

### ҒЫЛЫМДАҒЫ ЖЕР ТУРАЛЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТӘЖІРИБЕСІ

### ИННОВАЦИОННЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ПРАКТИКИ В НАУКАХ О ЗЕМЛЕ

<i>Erkesheva A., Zhuvanysheva A.</i> GENDELMAN'S LEGACY: PERSONALITY, LIFE AND WORK.....	4
<i>Kenbaev S.B., Assanova G.A.</i> SMART VILLAGE.....	6
<i>Ахметов С.Қ., Капетова А.С.</i> ОРГАНИЗАЦИЯ ЗЕМЕЛЬНОГО КАДАСТРА В РК В СВЕТЕ ЭКОНОМИЧЕСКИХ РЕФОРМ.....	9
<i>Ахметова Д.</i> СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ ГОСУДАРСТВЕННОЙ РЕГИСТРАЦИИ НЕДВИЖИМОГО ИМУЩЕСТВА И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ.....	11
<i>Бұбархан Ж.Б.</i> ЕЛДІ МЕКЕН ЖЕРЛЕРІН ТҮГЕНДЕУ.....	15
<i>Галиаскаров А.Ж., Капетова А.С.</i> ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК НАРЫҒЫН ЗЕРТТЕУ.....	17
<i>Әлияқбар С.А. Капетова А.С.</i> ҚАЗАҚСТАНДА 3D МОДЕЛЬДЕУДІҢ КАДАСТРДАҒЫ МАҢЫЗЫ.....	18
<i>Исаев Е.С., Капетова А.С.</i> АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖАЙЫЛЫМ АЛҚАПТАРЫНЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ.....	22
<i>Исмаил Н.Ә.</i> АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖЕРЛЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ.....	25
<i>Ишманова А., Беристенов А.Т.</i> ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІ ТІРКЕУДЕГІ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІН КӨРСЕТУ.....	26
<i>Казбеков С.Д., Капетова А.С.</i> ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДАҒЫ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖЕРЛЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ.....	29
<i>Камен Д.М.</i> ЖИЛАЯ НЕДВИЖИМОСТЬ: НА ПРИМЕРЕ VI ГРУПП.....	32
<i>Қуандық А.М.</i> КАДАСТР ЖӘНЕ ЖЕР МОНИТОРИНГІНІҢ ЗАМАНАУИ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	33
<i>Манатова Д.</i> ГОСУДАРСТВЕННАЯ КАДАСТРОВАЯ ОЦЕНКА НЕДВИЖИМОСТИ В УСЛОВИЯХ РАЗВИТИЯ РЫНКА.....	35
<i>Мусаев Д.</i> ЖЕРДІҢ ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРДЕГІ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТЕГІ РӨЛІ.....	40
<i>Мүсілім Н.К.</i> ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ОЛАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫН АНЫҚТАУ, МОДЕЛІН ЗЕРТТЕУ.....	42

<i>Нуралин К.К., Капетова А.С.</i>	
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ГЕОДЕЗИЧЕСКИХ АППАРАТОВ ПРИ КАДАСТРОВЫХ РАБОТАХ.....	45
<i>Орақбай Қ.Қ.</i>	
КАДАСТРЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУДЕ ГЕОПОРТАЛДЫҢ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ.....	48
<i>Серикова А.Е.</i>	
АСТАНА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША КАДАСТР ҚАЛДЫҚТАРЫ ПРОБЛЕМАСЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІНЕ ШОЛУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ.....	49
<i>Сәкен Ж.А.</i>	
ЖЕР ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ.....	52
<i>Смбаев А.</i>	
ПРОБЛЕМА ВОВЛЕЧЕНИЯ В ОБОРОТ НЕИСПОЛЬЗУЕМЫХ ЗЕМЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО НАЗНАЧЕНИЯ.....	54
<i>Темірбай А.Е.</i>	
МАҚТАРАЛ АУДАНЫНЫҢ МАҚТА ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗЫ.....	58
<i>Тимурзиева Х.</i>	
ОХРАНА И ЭФФЕКТИВНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЗЕМЕЛЬ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	61
<i>Тогызбаева Б.Б.</i>	
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ПРИБОРОВ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЗЕМЕЛЬ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО НАЗНАЧЕНИЯ.....	65
<i>Эмих А. Д., Молдумарова Ж.Е.</i>	
ПРИМЕНЕНИЕ ГЕОИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ В КАДАСТРОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НА ПРИМЕРЕ ОЦЕНОЧНОГО ЗОНИРОВАНИЯ ЗЕМЕЛЬ НАСЕЛЕННЫХ ПУНКТОВ.....	68

## Секция

### СӘУЛЕТ ЖӘНЕ ГЕОДЕЗИЯНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ ҮШІН КЕҢІСТІК-УАҚЫТ ТАЛДАУЫНЫҢ РӨЛІ

### РОЛЬ ПРОСТРАНСТВЕННО-ВРЕМЕННОГО АНАЛИЗА ДЛЯ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ АРХИТЕКТУРЫ И ГЕОДЕЗИИ

<i>Ануфриева О.</i>	
ВЛИЯНИЕ НАУЧНО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКИХ ФАКТОРОВ НА АРХИТЕКТУРНО-ПЛАНИРОВОЧНОЕ РЕШЕНИЕ МНОГОФУНКЦИОНАЛЬНОГО МУЗЕЙНОГО КОМПЛЕКСА.....	72
<i>Дюсекова Д.</i>	
ФАКТОРЫ, ВЛИЯЮЩИЕ НА РАЗВИТИЕ НАУЧНЫХ ГОРОДОВ ПРИ АТОМНОЙ ЭЛЕКТРОСТАНЦИИ.....	74
<i>Елдесов А. Ж.</i>	
ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ.....	76
<i>Жузбаева К.</i>	
ВЛЯНИЕ РЕГИОНАЛЬНЫХ ФАКТОРОВ НА АРХИТЕКТУРНО-ПЛАНИРОВОЧНОЕ ФОРМИРОВАНИЕ БИБЛИОТЕК КАК ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ КОМПЛЕКСОВ.....	78



<i>Иванова А.</i> СОЦИАЛЬНАЯ ЗНАЧИМОСТЬ ЗАВОДОВ ПО ПЕРЕРАБОТКЕ МУСОРА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	80
<i>Литвинова М.С.</i> ОБЗОР СОВРЕМЕННОГО ОПЫТА СТРОИТЕЛЬСТВА ЗДАНИЙ И СООРУЖЕНИЙ В БОТАНИЧЕСКИХ САДАХ.....	82
<i>Сагандыков Т.</i> ПРИРОДНО-КЛИМАТИЧЕСКИЕ ФАКТОРЫ, ВЛИЯЮЩИЕ НА ФОРМИРОВАНИЕ ГОРОДСКОГО ЛАНДШАФТА.....	84
<i>Сатыбалды Р.</i> ПРЕИМУЩЕСТВА ФОРМИРОВАНИЯ БЛОКИРОВАННОГО ЖИЛЬЯ В УСЛОВИЯХ УПЛОТНЕННОЙ ГОРОДСКОЙ ЗАСТРОЙКИ.....	86
<i>Серов А.И.</i> МЕТОДИКА ПРОВЕРКИ КАЧЕСТВА ЦИФРОВЫХ ТОПОГРАФИЧЕСКИХ КАРТ.....	88
<i>Султангазина А.</i> ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ УЧЕБНО-ВОСПИТАТЕЛЬНЫХ ДОШКОЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ В РЕГИОНАЛЬНЫХ УСЛОВИЯХ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА.....	92
<i>Хоменчук А.</i> МОДЕЛЬ РАЗВИТИЯ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ ЦЕНТРОВ АСТРОНОМИИ И АСТРОФИЗИКИ.....	95

#### Секция

### ЖАҒАНДЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕР МЕН ИНТЕГРАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ АГРАРЛЫҚ ЭКОНОМИКА

#### АГРАРНАЯ ЭКОНОМИКА В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛЬНЫХ ВЫЗОВОВ И ИНТЕГРАЦИИ

<i>Абдрахманов Д.</i> АНАЛИЗ ДЕНЕЖНЫХ ПОТОКОВ ПРЕДПРИЯТИЯ И ИХ ОПТИМИЗАЦИЯ.....	97
<i>Абдыкерова Г.Ж., Дуйсенова А.</i> ОСОБЕННОСТИ УЧЕТА, АУДИТА ДОХОДОВ И РАСХОДОВ ПРЕДПРИЯТИЯ..	101
<i>Абулкасым Н. М., Мүтәліпқызы Б.</i> ЖАҒАНДЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ АГРАРЛЫҚ ЭКОНОМИКА....	105
<i>Ахметкереева Ж.</i> ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЫНТАЛАНДЫРУ ӘДІСТЕРІ.....	109
<i>Бабаченко Д., Муталляпова Ш.Е.</i> SMM КАК ИНСТРУМЕНТ ПРОДВИЖЕНИЯ ТОВАРОВ И УСЛУГ В ИНТЕРНЕТЕ.....	114
<i>Орынбасаров Ә.Қ., Ермекова А.Б.</i> ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ЖАҒАНДЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ.....	118
<i>Әлібекова Ә.</i> АНАЛИЗ ИПОТЕЧНОГО РЫНКА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	122
<i>Жанбекова А.</i> УПРАВЛЕНИЕ ЗАТРАТАМИ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ И ЕГО УЧЕТНО- АНАЛИТИЧЕСКОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ.....	126

<b>Жанболатқызы Ж.</b>	
РАЗВИТИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	130
<b>Жомарт Р., Спатаева С. Б.</b>	
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ҚЕХС СӘЙКЕС ДАЙЫНДАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	133
<b>Жомарт Р., Шаукерова З.М.</b>	
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ АУДИТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ МЕН ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІГІ.....	137
<b>Құдайберген Т.Е.</b>	
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ӨСІМДІК ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІН КӨП ФАКТОРЛЫҚ БОЛЖАУ.....	141
<b>Ланин М.</b>	
ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО В РЫНОЧНЫХ УСЛОВИЯХ.....	145
<b>Мұратханова Д.</b>	
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БОРЫШЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ.....	149
<b>Омарова А.Д.</b>	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАСТАР КӘСІПКЕРЛІГІН ДАМУ БОЛАШАҒЫ.....	153
<b>Стасюк А., Орынбекова Г.А.</b>	
СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К ОЦЕНКЕ КАДРОВОГО ПОТЕНЦИАЛА ПРЕДПРИЯТИЙ.....	157
<b>Раимбекова К.М., Беспяева Р.С.</b>	
ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ РЫНКА ОРГАНИЧЕСКОЙ ПРОДУКЦИИ.....	161
<b>Султанова Ә., Мухамбетова З.С.</b>	
ЭКОНОМИКАНЫҢ АГРАРЛЫҚ СЕКТОРЫНДА БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІ АРТТЫРУ БОЙЫНША ШЕТ ЕЛДЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕСІ.....	165

## Секция

### ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ТҰРАҚТЫ БАСҚАРУ

#### УСТОЙЧИВОЕ УПРАВЛЕНИЕ ПРИРОДНЫМИ РЕСУРСАМИ

<b>Серік Д.</b>	
ВЛИЯНИЕ РАДИАЦИИ НА ОРГАНИЗМЫ.....	169
<b>Толендинов А. Б., Рахманов С.С.</b>	
ТОО «ЛЕПЁХИНА» - ПЕРЕХОД НА ОРГАНИЧЕСКОЕ СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО (I ЭТАП).....	173
<b>Төлеубаева Ш., Есмурзаева А.Қ.</b>	
IN VITRO ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ӨСІРІЛГЕН ҚАЙЫҢ ЖӘНЕ КӨКТЕРЕК АҒАШТАРЫНЫҢ ДАМУ ЖАҒДАЙЫ.....	175

**Секция**

**ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ АВТОМАТТАНДЫРУ,  
МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

**СОВРЕМЕННАЯ ЭНЕРГЕТИКА И АВТОМАТИЗАЦИЯ,  
ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ**

<i>Амантай О., Маратов Е., Акимбеков Е.Т.</i> ЖЕР АСТЫ СУЫ ЭНЕРГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ.....	179
<i>Жантлесова А.Б., Достанова Қ.</i> СИМУЛИНК МОДЕЛЬДЕУ-СИММЕТРИЯЛЫ ЕМЕС ЖӘНЕ СИНУСОИДАЛЫ ЕМЕС ЖҮКТЕМЕЛЕРДІҢ ӘСЕРІН ЕСКЕРЕТІН СЫЗЫҚ МОДЕЛІ.....	183
<i>Е.К. Groshevik, А.К. Zhumalieva</i> BOILER PLANT USING BIOFUELS.....	185
<i>Серікова М., Қуатова Г.</i> ЦЕННОСТЬ БИОГАЗА И ЕГО ПРОИЗВОДСТВО НА ФЕРМЕ С ПОСЛЕДУЮЩЕЙ РЕАЛИЗАЦИЕЙ.....	187
<i>Турдалы Б., Нұрбақыт Р., Акимбеков Е.Т.</i> АТОМДЫҚ ЭНЕРГЕТИКА.....	188

**Секция**

**РАДИОТЕХНИКА, ЭЛЕКТРОНИКА ЖӘНЕ  
ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛАР**

**РАДИОТЕХНИКА, ЭЛЕКТРОНИКА  
И ТЕЛЕКОММУНИКАЦИИ**

<i>Амантай Б.Қ., Молдабекова А.Ж.</i> ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ.....	191
<i>Морзовек Ж., Наурыз Қ.Ж.</i> NUR.KZ ПОРТАЛЫ НЕГІЗІНДЕ «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ «ИНТЕРНЕТ – КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА» ҚЫСҚАША ШОЛУ.....	195
<i>Сайлаубекова Ә., Наурыз Қ.Ж.</i> ЗАМАНАУИ КӨЛІКТІК ЛОГИСТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҚТАРДЫ ЖАБДЫҚТАУДЫҢ ИНФОКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНА ШОЛУ.....	198
<i>Сапарғалиева А., Амандықова А., Наурыз Қ.Ж., Сериков Т.Г.</i> ПОШТА САЛАСЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (IOT ЖӘНЕ SD-WAN МЫСАЛЫНДА).....	202
<i>Сергей Е., Наурыз Қ.Ж.</i> ҚАРАСТЫРЫЛЫП ОТЫРҒАН БӨЛІМШЕДЕ ТОБЖ ЖОБАЛАУ ҚАЖЕТТІЛІГІН МАҢЫЗДАНДЫРУ.....	205

**Составители:**  
*Департамент науки*

**Редакторы:**  
*Департамент науки*

**Компьютерная верстка:**  
*Романенко С.С.*

Сдано в набор: 19.02.2023  
Формат 60x84<sup>1</sup>/<sub>16</sub>  
Усл. печ. л. 13,25

Подписано в печать: 19.04.2023  
Заказ № 2341  
Тираж 22 экз.

---

Типография Казахского агротехнического исследовательского университета  
им. С. Сейфуллина, 2023 г., 010011, г. Астана, пр. Жеңіс, 62 а, тел.: 39 39 17